Ақсу өзенінің су температурасы 21,0-22,6⁰С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,85-7,90, суда еріген оттегінің шоғыры 7,22-8,30 мг/дм³, ОБТ₅ 1,96-5,64 мг/дм³, түсі 5 градус, мөлдірлігі 9 см, иісі – 0 балл.

- тұстама Ақсу а. 0,5 км жоғары, Ақсу өзені сағасынан 10 км: су сапасы 4 класқа жатады: ОХТ – 32,2 мг/дм³, магний – 38,9 мг/дм³. Оттегінің химиялық тұтынуының нақты концентрациясы фондық кластан асады, магнийдің концентрациясы фондық кластан аспайды.

Қарабалта өзені су температурасы 24,0-26,0⁰С шегінде, сутегі көрсеткіш 7,80-8,00, суда еріген оттегінің шоғыры 7,22-8,88 мг/дм³, ОБТ₅ 5,30-5,96 мг/дм³, түсі 5 градус, мөлдірлігі 11 см, иісі – 0 балл.

- тұстама Қырғызстанмен шекарада, Баласағұн а., өзен сағасынан 29 км: су сапасы 5 класқа жатады: сульфаттар – 652,3 мг/дм³. Сульфаттардың концентрациясы фондық кластан асады.

Токташ өзені су температурасы 20,4-24,6⁰С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,95-8,05, суда еріген оттегінің шоғыры 6,44-9,45 мг/дм³, ОБТ₅ 3,64-5,68 мг/дм³, түсі 5 градус, мөлдірлігі 11 см., иісі – 0 баллды құрады.

- тұстама Қырғызстанмен шекарада, Жауғаш Батыр а. ауыл шетіндегі өзен сағасынан 78 км қашықтықта: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 134,3 мг/дм³. Қалқыма заттар концентрациясы фондық кластан асады.

Сарықау өзені су температурасы 21,0-23,6⁰С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,90-8,20, суда еріген оттегінің шоғыры 6,16-9,09 мг/дм³, ОБТ₅ 4,96-5,90 мг/дм³, түсі 5 градус, мөлдірлігі 11 см., иісі 0 балл.

- тұстама Қырғызстанмен шекарада, Шу өзеніне құйғанға дейін 35км, Мерке ауылынан 63 км: су сапасы 4 класқа жатады: магний- 56,4 мг/дм³, сульфаттар – 365,0 мг/дм³, фенолдар – 0,0017 мг/дм³. Магнийдің, сульфаттың және фенолдардың концентрациясы фондық кластан аспайды.

Тасөткел су қоймасы су температурасы 21,0⁰С, сутегі көрсеткіші 7,90, суда еріген оттегінің шоғыры 8,16 мг/дм³, ОБТ₅ 3,52 мг/дм³, түсі 5 градус, су мөлдірлігі 15 см., судың иісі I баллды құрады.

- тұстама Тасөткел а., Тасөткел стансасынан оңтүстікке қарай 2,5 км, су қойма бөгенінен (оңтүстік-шығысқа) 0,5 км жоғары: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 69,0 мг/дм³. Қалқыма заттар нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Бірыңғай жіктеу бойынша 2020 жылдың 3 тоқсанында Жамбыл облысы аумағындағы су нысандарының су сапасы келесідей бағаланады: 3 класс – Асса

өзені; 4 класс – Талас, Шу Берікқара, Ақсу, Сарықау өзендері; 4 класс – Қарабалта өзені; (>5 класс) – Тоқташ өзені және Тасөткел су қоймасы(4 кесте).

2019 жылдың 3 тоқсанымен салыстырғанда Талас, Асса өзендері – жақсарған; Берікқара өзені және Тасөткел су қоймасы - нашарлаған; Ақсу, Шу, Қарабалта,Тоқташ, Сарықау өзендері – айтарлықтай өзгермеген.

6.8 Жамбыл облысының радиациялық гамма-фоны


Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 3 метеорологиялық станцияларда (Тараз, Төле би, Шығанақ) жүргізілді (6.6-сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатындағы радиациялық гамма-фонның мәні 0,08-0,22 мкЗв/сағ. аралығында болды. Радиациялық гамма-фонның орташа мәні облыс бойынша 0,16 мкЗв/сағ., және шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

6.9 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау облыс аумағында 3 метеорологиялық станцияларда (Тараз, Төле би, Шығанақ) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (6.6-сур.). Барлық стансада бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,9-2,0 Бк/м² аралығында болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,6 Бк/м², бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



6.7-сурет. Жамбыл облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

7. Батыс Қазақстан облысының қоршаған орта жай-күйі

7.1 Орал қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі


Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 3 стационарлық бекетте жүргізілді (7.1-сур., 7.1-кесте).

7.1- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
2	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	№1 өрт сөндіру бөлімінің маңы (Гагарин көшесі, №25 үйдің ауданы)	PM-10 қалқыма бөлшектері, аммиак, азот диоксиді, күкірт диоксиді, азот оксиді, көміртегі сутек, гамма сәулеленудің қуаттылығының дозасы
3			Киров атындағы саябақтың маңы (Даумов көшесі)	PM-10 қалқыма бөлшектері, аммиак, азот диоксиді, азот оксиді, көміртегі сутек, гамма сәулеленудің қуаттылығының эквиваленттік дозасы, озон (жербетті)
5			Мұхит көшесі («Мирлан» базарының ауданы)	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, аммиак азот диоксиді, күкірт

				диоксиді, көміртегі оксиді, азот оксиді, күкіртті сутек, озон (жер беті)
--	--	--	--	--



7.1-сурет. Орал қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (7.1-сур.), атмосфералық ауаның ластану деңгейі Орал қ. **көтеріңкі** болып бағаланды, ол $СИ=2,8$ (көтеріңкі деңгей) күкіртті сутегі бойынша №3 бекет аумағында және $ЕЖҚ=0\%$ (төмен деңгей) мәндерімен анықталды.

**52.04.667-2005 БҚ сәйкес, егер СИ және ЕЖҚ әр түрлі градацияға тисе, онда атмосфераның ластануы дәрежесін көп мәнмен бағаланады.*

Озонның (жер беткі) орташа шоғыры $1,2 \text{ ШЖШ}_{0.т.}$ құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ аспады (1 кесте).

$PM_{2,5}$ қалқыма бөлшектері мен азот оксидінің максималды бір реттік шоғырлары $1,3 \text{ ШЖШ}_{м.б.}$ құрады, күкірт диоксиді мен көміртегі оксиді – $1,9 \text{ ШЖШ}_{м.б.}$, азот диоксиді мен озон (жер беткі) – $1,0 \text{ ШЖШ}_{м.б.}$, күкіртті сутегі – $2,8 \text{ ШЖШ}_{м.б.}$, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ аспады (1 кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

7.2 Орал қаласының эпизодтық деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Орал қаласында атмосфералық ауаның ластануына бақылау 2 нүктеде (№1 нүкте – «Пластик» зауытының ауданы, Шолохов және Штыбкөшелері; №2 нүкте – «Конденсат» АҚ ауданы, Шаган өз. арқылы көпір ауданы) жүргізілді.

PM-10 қалқыма бөлшектерінің, күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің, азот оксидінің, күкіртті сутегінің, көмірсулардың, аммиактың, бензолдың және формальдегидтің шоғырлары өлшенді.

Бақылау негіздері бойынша барлық ластаушы заттардың шоғырлары шекті жол берілген шоғырдан аспады (7.2-кесте).

7.2-кесте

Орал қаласының бақылау деректері бойынша ластаушы заттардың максимальды шоғыры

Ластаушы заттар	№1 нүкте		№2 нүкте	
	q _m /мг/м ³	q _m /ШЖШ	q _m /мг/м ³	q _m /ШЖШ
PM-10 қалқыма бөлшектері	0,1	0,2	0,1	0,2
Күкірт диоксиді	0,033	0,065	0,038	0,076
Көміртегі оксиді	0,9	0,2	3,0	0,6
Азот диоксиді	0,08	0,39	0,06	0,29
Азот оксиді	0,01	0,02	0,01	0,03
Күкіртті сутегі	0,005	0,588	0,005	0,650
Көмірсулар	13,96		13,9	
Аммиак	0,01	0,05	0,19	0,96
Формальдегид	0	0	0	0
Бензол	0,0001	0,0003	0,0001	0,0003


7.3 Ақсай қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (7.2-сур., 7.3-кесте).

7.3- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
4	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Утвинская көшесі, 17	аммиак, PM-10 қалқыма бөлшектері, азот диоксиді, күкірт диоксиді, азот оксиді, көміртегі оксиді, күкіртті сутек, гамма сәулеленудің эквиваленттік дозасының қуаттылығы, озон (жербетті)
7	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Заводская көшесі, 35	аммиак, азот диоксиді, күкірт диоксиді, азот оксиді, күкіртті сутегі, озон (жербетті)



7.2-сурет. Ақсай қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (7.2-сур.), атмосфералық ауаның ластану деңгейі Ақсай қ. **көтеріңкі** болып бағаланды, ол СИ=2,7 (көтеріңкі деңгей) азот диоксиді бойынша №7 бекет аумағында және ЕЖҚ=0% (төмен деңгей) мәндерімен анықталды.

*52.04.667-2005 БҚ сәйкес, егер СИ және ЕЖҚ әр түрлі градацияға тисе, онда атмосфераның ластануы дәрежесін көп мәнмен бағаланады.

Озонның (жер беткі) орташа шоғыры 1,2 ШЖШ_{о.т.} құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Көміртегі оксиді мен озонның (жер беткі) максималды бір реттік шоғырлары 1,2 ШЖШ_{м.б.} құрады, азот диоксиді – 2,7 ШЖШ_{м.б.}, күкіртті сутегі – 2,0 ШЖШ_{м.б.}, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.


7.4 Январцево кенті бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (7.3-сур., 7.4-кесте).

7.4- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
6	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Рабочая к-сі, 16	аммиак, азот диоксиді, азот оксиді, көміртек оксиді, озон (жербетті)



7.3-сурет. Январцево кентінің атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (7.4-сур.), атмосфералық ауаның ластану деңгейі Январцево к. **көтеріңкі** болып бағаланды, ол СИ=2,0 (көтеріңкі деңгей) азот оксиді бойынша және ЕЖҚ=0% (төмен деңгей) мәндерімен анықталды.

**52.04.667-2005 БҚ сәйкес, егер СИ және ЕЖҚ әр түрлі градацияға тисе, онда атмосфераның ластануы дәрежесін көп мәнмен бағаланады.*

Ластаушы заттардың орташа шоғырлары ШЖШ аспады (1 кесте).

Азот диоксидінің максималды бір реттік шоғырлары 1,4 ШЖШ_{м.б.} құрады, азот оксиді – 2,0 ШЖШ_{м.б.}, аммиак – 1,1 ШЖШ_{м.б.}, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

7.5 Январцево кентінің эпизодтық деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Январцево кентінде атмосфералық ауаның ластануына бақылау (*Чинарево кенорнының ауданына жақын*) жүргізілді.

PM-10 қалқыма бөлшектерінің, күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің, азот оксидінің, күкірттісутектің, көмірсулардың, аммиактың, бензолдың және формальдегидтің шоғырлары өлшенді.

PM-10 қалқыма бөлшектерінің, күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің, азот оксидінің, күкірттісутегінің, көмірсулардың, аммиактың,

бензолдың және формальдегидтің шоғырлары бақылау деректері бойынша шекті жол берілген шоғырдан аспады (7.5-кесте).

7.5-кесте

Январцево кентінің бақылау деректері бойынша ластаушы заттардың максимальды шоғыры

Ластаушы заттар	Сынама нүктесі	
	$q_m, \text{мг/м}^3$	$q_m / \text{ШЖШ}$
PM-10 қалқыма бөлшектері	0,1	0,1
Күкірт диоксиді	0,008	0,015
Көміртегі оксиді	3,1	0,6
Азот диоксиді	0,02	0,08
Азот оксиді	0,02	0,06
Күкіртті сутегі	0,001	0,181
Көмірсулар	19,8	
Аммиак	0,01	0,05
Формальдегид	0	0
Бензол	0,0001	0,0003

7.6 Батыс Қазақстан облысының аумағындағы атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамы

Атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамына бақылау 4 метеостанцияларда (Ақсай, Жалпақтал, Каменка, Орал) алынған жаңбыр суына сынама алумен жүргізілді (7.4 сур.).


Жауын-шашын құрамында барлық анықталатын заттардың шоғырлары шекті рұқсат етілген шоғырлардан (ШЖШ) аспады.

Жауын-шашын сынамаларында сульфаттар 26,6%, хлоридтер 12,3%, гидрокарбонаттар 29,4%, натрий иондары 7,6%, кальций иондары 13,2% болды.

Ең үлкен жалпы минералдылығы Жалпақтал МС – 110,5 мг/л, ең азы Ақсай МС – 60,8 мг/л белгіленді.

Атмосфералық жауын-шашынның үлесті электр өткізгіштігі 112,6 мкСм/см (Каменка МС) 159,3 мкСм/см (Жалпақтал МС) дейінгі шекте болды.

Түскен жауын-шашын қышқылдылығы әлсіз қышқыл сипатта болып, 6,7 (Орал МС) – 6,9 (Каменка МС) аралығында болды.



7.4 сур. Батыс Қазақстан облысы аумағындағы атмосфералық жауын-шашын мен қар жамылғысын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы

7.7 Батыс Қазақстан облысы аумағындағы жер үсті суларының сапасы

Батыс Қазақстан облысы аумағындағы жер үсті сулары сапасын бақылау 9 су нысанында Жайық, Шаған, Деркөл, Елек, Шыңғырлау өзендерінде, Көшім су арнасында және Шалқар көлінде жүргізілді.

Бірыңғай жіктеу бойынша су сапасы келесідей бағаланады:

Жайық өзені:

- Январцево ауылы тұстамасы: су сапасы 4 класқа жатады: қалқыма заттар – 23,3мг/дм³. Қалқыма заттар концентрациясы фондық кластан асады.
- Орал қаласынан 0,5 км жоғары тұстамасы: су сапасы 4 класқа жатады: қалқыма заттар – 22,7 мг/дм³. Қалқыма нақты концентрациясы фондық кластан асады.
- Орал қаласынан 11,2 км төмен, гидробекеті тұстамасы: су сапасы 4 класқа жатады: қалқыма заттар – 22,7 мг/дм³. Қалқыма заттар концентрациясы фондық кластан асады.
- Көшім ауылы тұстамасы: су сапасы 4 класқа жатады қалқыма заттар - 22мг/дм³. Қалқыма заттар нақты концентрациясы фондық кластан асады.
- Тайпак ауылы тұстамасы: су сапасы 3 класқа жатады қалқыма заттар – ОБТ₅ – 3,21 мг/дм³. ОБТ₅ концентрациясы фондық класстан асады.

Жайық өзені бойынша су температурасы 10,8-20 °С, сутегі көрсеткішінің орташа мәні 6,91-7,32 құрады, суда еріген оттегінің концентрациясы орта есеппен 10,48-13,00 мг/дм³, ОБТ₅ орташа 2,30-3,26мг/дм³ құрады, түсі 10-16 градусқа дейін; мөлдірлігі -15-20 см, иісі - барлық тұстамада 0 балл.

Жайық өзенінің ұзындығы бойынша судың сапасы 4 класқа жатады: қалқыма заттар -22,6 мг/дм³.

Шаған өзені:

- Орал қаласынан 0,4 км жоғары, шұңқырдан 1 км жоғары тұстамасы: су сапасы 3 класқа жатады: аммоний ионы - 0,725 мг/дм³. Аммоний ионы концентрациясы фондық кластан асады.

- Шаған өзеніннің сағасынан 0,5 км жоғары тұстамасы: су сапасы 3 класқа жатады – аммоний ионы – 0,613 мг/дм³. Аммоний ионы концентрациясы фондық кластан асады.

- Чувашинский ауылы тұстамасы: су сапасы 3 класқа жатады: ОБТ₅ – 3,22 мг/дм³. ОБТ₅ нақты концентрациясы фондық класстан асады.

Шаған өзені бойынша судың температурасы 16,9-22,9 ° С , сутек көрсеткіші 6,87-7,28кұрады, суда ерітілген оттегінің концентрациясы 11,99мг / дм³, ОБТ₅ орташа 2,79 мг/дм³ құрады, түсі-10-17градус, мөлдірлігі -13-20см, иісі - барлық тұстамада 0 балл.

Шаған өзенінің ұзындығы бойынша су сапасы 3 класқа жатады – аммоний ионы – 0,626 мг/дм³.

Деркөл өзені:

– Селекционный ауылы тұстамасы: су сапасы 3 класқа жатады: магний– 22 мг/дм³. Магний концентрациясы фондық кластан аспайды.

– Ростоши ауылы тұстамасы:су сапасы 4 класқа жатады: магний-42 мг/дм³ . Магний концентрациясы фондық кластан асады.

Деркөл өзені бойынша су температурасы 19,0-25,4°C, сутегі көрсеткіші 6,96-7,31кұрады, суда еріген оттегінің концентрациясы 10,94мг/дм³, ОБТ₅ 2,57мг/дм³ құрады,түсі-8-16градусқа дейін; мөлдірлігі -15-22см, иісі - барлық тұстамада 0 балл.

Деркөл өзенінің ұзындығы бойынша судың сапасы 3 класқа жатады-магний– 27мг/дм³.

Елек өзені:

– Шілік ауылы тұстамасы: су сапасы 2 класқа жатады: хлоридтер – 330,09 мг/дм³. Хлоридтер нақты концентрациясы фондық класстан аспайды.

Елек өзені бойынша су температурасы 11,5°C, сутегі көрсеткіші 7,35кұрады, суда еріген оттегінің концентрациясы 11,35 мг/дм³, ОБТ₅ 2,44 мг/дм³ құрады, түсі 14 градусқа дейін; мөлдірлігі -16см, иісі - 0 балл.

Шыңғырлау өзені:

– Григорьевка ауылы тұстамасы: су сапасы нормаланбайтын 5 класқа жатады: хлоридтер–829,53 мг/дм³. Хлоридтер концентрациясы фондық кластан асады.

Шыңғырлау өзені бойынша су температурасы 24,0 °С, сутегі көрсеткіші 7,30 құрады, суда еріген оттегінің концентрациясы 13,00 мг/дм³, ОБТ₅ 3,25мг/дм³ құрады, түсі 14 градусқа дейін; мөлдірлігі -16см, иісі - 0 балл.

Сарыөзен өзені:

– Бостандық ауылы тұстамасы: су сапасы нормаланбайды (>5 класс) жатады: хлоридтер – 595,56 мг/дм³. Хлоридтер концентрациясы фондық кластан асады.

Сарыөзен өзені бойынша су температурасы 21,5°C, сутегі көрсеткіші 7,25 құрады, суда еріген оттегінің концентрациясы 11,38 мг/дм³, ОБТ₅ 2,41 мг/дм³ құрады, түсі 14 градусқа дейін; мөлдірлігі -16см, иісі - 0 балл.

Қараөзен өзені:

– Жалпақтал ауылы тұстамасы: су сапасы нормаланбайды (>5 класс) жатады: хлоридтер – 1474,72 мг/дм³. Хлоридтер нақты концентрациясы фондық класстан асады.

Қараөзен өзені бойынша су температурасы 20,8°С, сутегі көрсеткіші 7,22 құрады, суда еріген оттегінің концентрациясы 11,38 мг/дм³, ОБТ₅ 2,41 мг/дм³ құрады, түсі 14 градусқа дейін; мөлдірлігі -16см, иісі - 0 балл.

Көшім су арнасы:

–Көшім ауылы тұстамасы: су сапасы 4 класқа жатады: қалқыма заттар – 22 мг/дм³. Қалқыма заттар нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Көшім су арнасы бойынша су температурасы 21,3°С, сутегі көрсеткіші 7,22 құрады, суда еріген оттегінің концентрациясы 10,48 мг/дм³, ОБТ₅ 2,32 мг/дм³ құрады, түсі 12 градусқа дейін; мөлдірлігі -18 см, иісі - 0 балл.

Шалқар көлі:

Шалқар көлі бойынша су температурасы 20,4°С, сутегі көрсеткіші 7,18құрады, суда еріген оттегінің концентрациясы 11,35 мг/дм³, ОБТ₅ 2,38 мг/дм³ құрады, ОХТ-2,98мг/дм³ ; құрғақ қалдық -1500 мг/дм³ ; қалқыма заттар - 25 мг/дм³ ;түсі 14 градусқа дейін; мөлдірлігі -16см, иісі - 0 балл.

Бірыңғай жіктеме бойынша 2020 жылғы 3 тоқсандағы Батыс Қазақстан облысы аумағындағы су объектілерінің су сапасы былайша бағаланады: 2класс - Елек өзені, 3 класс-Деркөл, Шаған өзендері; 4 класс - Жайық өзені мен Көшім су арнасы; нормаланбайды (>5 класс) – Шыңғырлау,Сарыөзен, Қараөзен өзендері(кесте 4).

2019 жылғы 3 тоқсанмен салыстырғанда Елек, Шаған, Деркөл өзендерінде су сапасы - жақсарған; Жайық, Шыңғырлау, Сарыөзен, Қараөзен өзендерінде, Көшім су арнасында су сапасы айтарлықтай өзгермеген.

7.8 Батыс Қазақстан облысы аумағындағы Жайық өзені бассейні суының түптік шөгінділерінің жай-күйі

Жайық, Елек өзендері бассейнінің 2 бақылау нүктесі бойынша түптік шөгінділер сынамасы алынды (7.9 кесте).

Түптік шөгінділер сынамасында ауыр металдар (қорғасын, кадмий, марганец, мыс, мырыш, никель, хром) мен органикалық заттардан (мұнай өнімдері) талдау жасалды.

Жайық өзені Январцево ауылы бассейніндегі түптік шөгінділерінде ауыр металдардың мөлшері келесі аралықта өзгерген: мыс 0,40 мг/кг, хром 0,025мг/кг, мырыш 1,01 мг/кг, никель 0,47 мг/кг,кадмий-0,1мг/кг,қорғасын-0,1мг/кг, марганец 0,03 мг/кг. Мұнай өнімдерінің мөлшері 0,60 % болды

Елек өзені Шілік ауылы бассейніндегі түптік шөгінділерінде ауыр металдардың мөлшері келесі аралықта өзгерген: мыс 0,32 мг/кг, хром 0,012мг/кг, мырыш 0,77 мг/кг, никель 0,52мг/кг,кадмий-0,1мг/кг,қорғасын-0,1мг/кг, марганец 0,04 мг/кг. Мұнай өнімдерінің мөлшері 0,5 % болды (кесте 7.9).

Батыс Қазақстан облысы Жайық өзені бассейнінің суының түптік шөгінділерінің зерттеу нәтижелері

№ п/п	Сынама алу орны	Шоғыр, мг/кг							
		Мұнай өнімдері, %	Мыс	Хром	Кадмий	Никель	Марганец	Қорғасын	Мырыш
1	Жайық өз. Январцево а.	0,60	0,40	0,025	0,1	0,47	0,03	0,1	1,01
2	Елек өз, Шілік а.	0,5	0,32	0,012	0,1	0,52	0,04	0,1	0,77

7.9 Батыс Қазақстан облысының радиациялық гамма-фонны


Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 2 метеорологиялық стансада (Орал, Тайпақ) және Орал қаласының (№2, №3 ЛББ) және Ақсай (№4 ЛББ) Завтоматты бекетінде бақылау жүргізіледі (7.5 - сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатына орташа радиациялық гамма-фонның мәні 0,08 – 0,29 мкЗв/сағ. шегінде болды. Облыс бойынша радиациялық гамма- фонның орташа мәні 0,11 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

7.10 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау облыс аумағында 2 метеорологиялық станцияда (Орал, Тайпақ) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (7.5-сур.). Барлық стансада бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,8 – 2,3 Бк/м² шегінде болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,5 Бк/м², бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



7.5-сур. Батыс Қазақстан облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

8. Қарағанды облысының қоршаған ортажай-күйі

8.1 Қарағанды қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 7 стационарлық бекетте жүргізілді (8.1-сур., 8.1-кесте).

8.1- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 4 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Стартовый, 61/7 бұрылысы, аэрологиялық станция, Қарағанды МС аумағы(ескі аэропорт аумағы)	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, ерігіш сульфаттар, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фенол
3	тәулігіне 3 рет		Ленин көшесі мен Бұқар-Жырау даңғылы 1 бұрышы	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, формальдегид
4			Бирюзов көшесі, 15 (жаңа Майкұдық)	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фенол, формальдегид
7			Ермеков көшесі, 116	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, фенол
5	әр 20 минут	үзіліссіз режимде	Мұқанов көшесі, 57/3	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері,

	сайын		күкірт диоксиді, озон (жер беті), көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді
6		Архитектурная көшесі, 15/1 (Прокуратура аумағы)	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, күкіртті сутегі, көмірсутегі сомасы, метан, озон (жер беті), радиациялық гамма фон қуаттылығы
8		3-кочегарка көшесі (Пришахтинск)	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді және оксиді, озон (жер беті), күкіртті сутегі, аммиак, көмірсутегісінің сомасы, метан



8.1 сур. Қарағанды қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (8.1-сур.), атмосфералық ауаның ластану деңгейі Қарағанды қ. жоғары болып бағаланды, ол СИ=9,0 (жоғары деңгей) және ЕЖҚ=4% (көтеріңкі деңгей) көміртегі оксиді бойынша №6 бекет аумағында анықталды.

*52.04.667-2005 БҚ сәйкес, егер СИ және ЕЖҚ әр түрлі градацияға тисе, онда атмосфераның ластануы дәрежесін көп мәнмен бағаланады.

Фенолдың орташа шоғырлары 1,6 ШЖШ_{о.т.} құрады, формальдегид – 1,5 ШЖШ_{о.т.}, басқа ластанушы заттардың шоғырлары ШЖШ аспады (1 кесте).

PM-2,5 қалқыма бөлшектерінің максималды бір реттік шоғырлары 5,0 ШЖШ_{м.б.} құрады, PM-10 қалқыма бөлшектері – 2,7 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді –

9,0 ШЖШ_{м.б.}, азот оксиді – 1,7 ШЖШ_{м.б.}, озон (жер беткі) – 1,9 ШЖШ_{м.б.}, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ аспады (1 кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

8.2 Қарағанды қаласының эпизодтық деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Қарағанды қаласында атмосфералық ауаның ластануына бақылау 1 нүктеде (*№1 нүкте – Пришахтинск ауданы*) жүргізілді.

Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, күкіртсутегі, фенол, C₁-C₁₀ көмірсутектерінің, аммиак, формальдегидтің шоғырлары өлшенді.

Ластаушы заттардың максималды бір реттік шоғырлары ШЖШ аспады (8.2 кесте).

8.2-кесте

Қарағанды қаласының бақылаулар мәліметі бойынша ластаушы заттардың максималды шоғырлары

Анықталатын қоспа	$q_m, \text{мг/м}^3$	$q_m / \text{ШЖШ}_{\text{м.б}}$
Қалқыма бөлшектер (шаң)	0,050	0,100
Күкірт диоксиді	0,057	0,114
Көміртегі оксиді	3,700	0,700
Азот диоксиді	0,027	0,135
Азот оксиді	0,037	0,093
Күкіртсутегі	0,005	0,625
Фенол	0,009	0,900
C ₁ -C ₁₀ көмірсутектері	57,300	
Аммиак	0,041	0,205
Формальдегид	0,000	0,000

8.3 Шахтинск қаласының эпизодтық деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Шахтинск қаласында атмосфералық ауаның ластануына бақылау 2 нүктеде (*№1 нүкте – Шахтинск ЖЭО, Парковая мен Құсайынова көшелерінің қиылысы, №2 нүкте- Қазақстандық шахтасы, 3-құрылыс тұйық көшесі және Гагарин көшесімен қиылысады*) жүргізілді.

Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, күкіртсутегі, фенол, C₁-C₁₀ көмірсутектерінің, аммиак, формальдегидтің шоғырлары өлшенді.

Ластаушы заттардың максималды бір реттік шоғырлары ШЖШ аспады (8.3 кесте).

**Шахтинск қаласының бақылаулар мәліметі бойынша
ластаушы заттардың максималды шоғырлары**

Анықталатын қоспа	Сынама нүктелері			
	№1		№2	
	$q_{m\text{мг/м}^3}$	$q_{m\text{ШЖШ}_{\text{м.р}}}$	$q_{m\text{мг/м}^3}$	$q_{m\text{ШЖШ}_{\text{м.р}}}$
Қалқыма бөлшектер (шаң)	0,050	0,100	0,050	0,100
Күкірт диоксиді	0,075	0,150	0,080	0,160
Көміртегі оксиді	4,000	0,800	4,000	0,900
Азот диоксиді	0,040	0,220	0,030	0,130
Азот оксиді	0,040	0,100	0,050	0,130
Күкіртсутегі	0,010	0,750	0,040	0,500
Фенол	0,009	0,900	0,009	0,900
C ₁ -C ₁₀ көмірсутектері	58,000		59,000	
Аммиак	0,070	0,340	0,060	0,320
Формальдегид	0,000	0,00	0,000	0,000

**8.4 Топар кентінің эпизодтық бақылаулар мәліметі бойынша
атмосфералық ауаның жай-күйі**

Топар кентінде ауаның ластануына бақылау 1 нүктеде жүргізілді (№1 нүкте - Мира мен Сарыарқа көшесінің қиылысында).

Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, күкіртсутегі, бензол, C₁-C₁₀ көмірсутектері, аммиак, хлорлы сутегі, озон (жербеті) шоғыры өлшенеді.

Көміртегі оксидінің максималды бір реттік шоғырлары 3,7 ШЖШ_{м.б.} құрады, азот диоксиді – 1,8 ШЖШ_{м.б.}, күкіртті сутегі – 1,5 ШЖШ_{м.б.}, бензол – 2,2 ШЖШ_{м.б.}, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ аспады (8.4 кесте).

8.4-кесте

**Топар кентінің бақылау мәліметі бойынша ластаушы заттардың
максималды шоғыры**

Анықталатын қоспа	$q_{m\text{мг/м}^3}$	$q_{m\text{ШЖШ}_{\text{м.б}}}$
Қалқымабөлшектер (шаң)	0,100	0,200
Күкірт диоксиді	0,241	0,482
Көміртегі оксиді	18,300	3,660
Азот диоксиді	0,360	1,800
Азот оксиді	0,230	0,575
Күкіртсутегі	0,012	1,500
Бензол	0,654	2,180
C ₁ -C ₁₀ көмірсутектері	152,300	
Аммиак	0,196	0,980
Озон (жербеті)	0,024	0,150
Хлорлы сутегі	0,006	0,030

8.5 Балқаш қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 4 стационарлық бекетте жүргізілді (8.2-сур., 8.5-кесте).

8.5- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	«Сабитова» мөлтек ауданы (№ 16 орта мектебі аумағы)	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді.
3			Ленин-2 мен Әлімжанов көшелерінің бұрышы	№1,3 ЛББ (әр 10 күн сайын) кадмий, мыс, күшән, қорғасын, хром (Алматы қаласы, ХАЗБ-да анықталады)
4			Сейфуллин көшесі(аурухана қалашығы, СЭС ауданы)	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, ерігіш сульфаттар
2	әр 20 минут сайын	Үзіліссіз режимде	Ленин көшесі, 10 үйден оңтүстікке қарай	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, Күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот оксиді және диоксиді, озон (жербеті), күкіртті сутегі, аммиак



8.2 сур. Балқаш қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (8.2сур.),атмосфералық ауаның ластану деңгейі Балқаш қ. **өте жоғары** болып бағаланды, ол СИ=15,4 (өте жоғары деңгей) күкіртті сутегі бойынша №2 бекет ауданында анықталды.

* БҚ 52.04.667-2005 сәйкес, СИ>10 болса, ең болмаса біреу бақылау мерзімінен СИ 10-нан көп болған кезде, ЕЖҚ орнына күндер саны анықталады.

*2020 жылғы 12, 18 қыркүйекте №2 «СКАТ» бақылау бекетінің мәліметі бойынша күкіртті сутегінің 4 жоғары ластану(ЖЛ) жағдайы (10,1 – 15,4 ШЖШ_{м.б.}) тіркелген.

Қалқыма бөлшектерінің (шаң) орташа шоғыры 1,1 ШЖШ_{о.т.} құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ аспады (1 кесте).

Қалқыма бөлшектерінің (шаң) максималды бір реттік шоғырлары 2,0 ШЖШ_{м.б.} құрады, күкірт диоксиді – 4,4 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді – 1,8 ШЖШ_{м.б.}, азот диоксиді – 1,2 ШЖШ_{м.б.}, күкіртті сутегі – 15,4 ШЖШ_{м.б.}, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ аспады (1 кесте).

8.6 Балқаш қаласының эпизодтық деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Балқаш қаласында атмосфералық ауа ластануың бақылау 3 нүктеде (№1 нүкте – 17 орамы, "Фудмарт" дүкенінің ауданы; №2 нүкте – Рабочий кенті, Жезқазған көш., «Ұшақ» ескерткіші ауданы; №3 нүкте – «Балқаш-1» станциясы) жүргізілді.

Қалқыма бөлшектерінің (шаң), аммиактың, бензолдың, күкірт диоксиді, азот диоксидінің, азот оксидінің, көміртегі оксидінің, көміртегі диоксидінің, күкіртсутегінің, көмір сутегі сомасы, озонның (жербеті), хлорлы сутегінің шоғырлары өлшенді.

Бақылау деректері бойынша күкірт диоксидінің максималды бір реттік шоғырының шекті жол берілетін шегінен асуы тіркелді: №1 нүкте – 2,1 ШЖШ_{м.б.}, №2 нүкте – 1,0 ШЖШ_{м.б.}.

Қалған анықталатын ластаушы заттардың шоғырлары шекті рұқсат етілген норма шамасында болды(8.6-кесте).

8.6-кесте

Балқаш қаласының бақылау деректері бойынша ластаушы заттардың максималды шоғыры

Анықталатын қоспалар	№1		№2		№3	
	q _м мг/м ³	q _м /ШЖШ	q _м мг/м ³	q _м /ШЖШ	q _м мг/м ³	q _м /ШЖШ
Аммиак	0,007	0,035	0,008	0,040	0,008	0,040
Бензол	0,09	0,30	0,08	0,27	0,08	0,27
Қалқыма бөлшектер(шаң)	0,039	0,078	0,031	0,062	0,031	0,062
Күкірт диоксиді	1,053	2,106	0,5026	1,0052	0,4630	0,9260
Азот диоксиді	0,009	0,045	0,005	0,025	0,009	0,045
Азот оксиді	0,004	0,010	0,005	0,013	0,004	0,010
Көміртегі оксиді	1,62	0,32	1,65	0,33	1,81	0,36

Көміртегі диоксиді	1120,0		1400,0		1050,0	
Күкіртсутегі	0,0009	0,1125	0,0040	0,5000	0,0007	0,0875
Көмірсутегі сомасы	29,3		24,0		31,1	
Озон (жербеті)	0,009	0,056	0,008	0,050	0,008	0,050
Хлорлы сутегі	0,010	0,05	0,010	0,05	0,010	0,05


8.7 Жезқазған қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 3 стационарлық бекетте жүргізілді (8.3-сур., 8.7-кесте).

8.7- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
2	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Сарыарқа көшесі, 4Г үй, тоқыма фабрикасының ауданы	Қалқыма бөлшектер (шаң),күкірт диоксиді,көміртегі оксиді,азот диоксиді,фенол
3	Желтоқсан көшесі, Жастар көшесі, 6 (Металлургтар алаңы)		Қалқыма бөлшектер (шаң),күкірт диоксиді,ерігіш сульфаттар,көміртегі оксиді,азот диоксиді,фенол	
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	М.Жәлел көшесі, 4 «А/1»	PM-2,5 қалқыма бөлшектері,PM-10 қалқыма бөлшектері,азот диоксиді,азот оксиді, көміртегі оксиді, күкірт диоксиді, күкіртті сутегі,озон (жербеті), аммиак



8.3 сур. Жезқазған қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (8.3 сур.), атмосфералық ауаның ластану деңгейі Жезқазған қ. **өте жоғары** болып бағаланды, ол СИ=18,3 (өте жоғары деңгей) күкіртті сутегі бойынша №1 бекет аумағында анықталды.

* БҚ 52.04.667-2005 сәйкес, СИ>10 болса, ең болмаса біреу бақылау мерзімінен СИ 10-нан көп болған кезде, ЕЖҚ орнына күндер саны анықталады.

*2020 жылғы 1 қыркүйекте №1 бақылау бекетінің мәліметі бойынша күкіртті сутегінің 3 жоғары ластану(ЖЛ) жағдайы (10,6 – 18,3 ШЖШ_{м.б.}) тіркелген.

Қалқыма бөлшектері (шаң) және фенолдың орташа шоғырлары 2,1 ШЖШ_{о.т.} құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ аспады (1 кесте).

Қалқыма бөлшектерінің (шаң) максималды бір реттік шоғырлары 1,4 ШЖШ_{м.б.} құрады, күкірт диоксиді – 5,0 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді – 1,0 ШЖШ_{м.б.}, азот диоксиді – 2,7 ШЖШ_{м.б.}, күкіртті сутегі – 18,3 ШЖШ_{м.б.}, фенол – 2,6 ШЖШ_{м.б.}, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ аспады (1 кесте).


8.8 Саран қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (8.4-сур., 8.8-кесте).

8.8- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
2	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Саран көшесі, 28а, орталық аурухана аумағында	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, көміртегі оксиді, азот диоксиді, күкірт диоксиді, азот оксиді, күкіртті сутегі, озон (жербеті)



8.4 сур. Саран қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (8.4 сур.), атмосфералық ауаның ластану деңгейі Саран қ. жоғары болып бағаланды, ол СИ=6,6 (жоғары деңгей) және ЕЖҚ=3% (көтеріңкі деңгей) күкіртті сутегі бойынша анықталды.

*52.04.667-2005 БҚ сәйкес, егер СИ және ЕЖҚ әр түрлі градацияға тисе, онда атмосфераның ластануы дәрежесін көп мәнмен бағаланады.

Озонның (жер беткі) орташа шоғыры 2,3 ШЖШ_{о.т.} құрады, басқа ластанушы заттардың шоғырлары ШЖШ аспады (1 кесте).

Озонның (жер беткі) максималды бір реттік шоғырлары 1,0 ШЖШ_{м.б.} құрады, күкіртті сутегі – 6,6 ШЖШ_{м.б.}, басқа ластанушы заттардың шоғырлары ШЖШ аспады (1 кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

8.9 Теміртау қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 4 стационарлық бекетте жүргізілді (8.5-сур., 8.9-кесте).

8.9- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
3	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама (дискретті әдіс)	Димитров көшесі, 213	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, ерігіш сульфаттар, көміртегі оксиді, азот оксиді және диоксиді, күкіртсутегі, фенол, аммиак, сынап
4			6-шағын аудан («Опан» шоқысы, ішетін су резервуарының аумағы)	
5			3 «а» шағын ауданы (құтқару стансасының ауданы)	
2	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Фурманов көшесі, 5	Қалқыма бөлшектер, РМ-2,5 қалқыма бөлшектері, РМ-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот оксиді және диоксиді, күкіртсутегі, аммиак, көмірсутегісінің сомасы, метан, радиациялық гамма фон қуаттылығы



8.5-сурет. Теміртау қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (8.5 сур.), атмосфералық ауаның ластану деңгейі Теміртау қ. **өте жоғары** болып бағаланды, ол $СИ=14,4$ (өте жоғары деңгей) күкіртті сутегі бойынша №2 бекет аумағында анықталды.

* БҚ 52.04.667-2005 сәйкес, $СИ > 10$ болса, ең болмаса біреу бақылау мерзімінен $СИ 10$ -нан көп болған кезде, ЕЖҚ орнына күндер саны анықталады.

*2020 жылғы 1, 10, 11 қыркүйекте №1 бақылау бекетінің мәліметі бойынша күкіртті сутегінің 7 жоғары ластану (ЖЛ) жағдайы (10,5 – 14,4 ШЖШ_{м.б.}) тіркелген.

Қалқыма бөлшектерінің (шаң) орташа шоғырлары 1,2 ШЖШ_{о.т.} құрады, күкірт диоксиді – 1,7 ШЖШ_{о.т.}, фенол – 3,0 ШЖШ_{о.т.}, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ аспады (1 кесте).

Қалқыма бөлшектерінің (шаң) максималды бір реттік шоғырлары 1,2 ШЖШ_{м.б.} құрады, күкірт диоксиді – 1,7 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді – 1,9 ШЖШ_{м.б.}, күкіртті сутегі – 14,4 ШЖШ_{м.б.}, фенол – 3,8 ШЖШ_{м.б.}, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ аспады (1 кесте).

8.10 Қарағанды облысының аумағындағы атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамы

Атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамына бақылау 4 метеостанцияларда (Балқаш, Жезқазған, Қарағанды, Қарағанды ауыл-шаруашылық сынақ станциясы (АШСС)) алынған жаңбыр суына сынама алумен (8.6 сур.) жүргізілді.


Жауын-шашын құрамында барлық анықталатын заттардың шоғырлары шекті жол берілген шоғырлардан (ШЖШ) аспады.

Жауын-шашын сынамаларында сульфаттар 36,7%, хлоридтер 8,8% гидрокарбонаттар 23,3%, натрий иондары 5,8%, кальций иондары 15,9% болды.

Ең үлкен жалпы минерализация Жезқазған МС – 96,1 мг/л, ең азы Қарағанды МС – 27,0 мг/л белгіленді.

Атмосфералық жауын-шашынның үлесті электрөткізгіштігі Қарағанды облысының аумағында 44,8 мкСм/см (Қарағанды МС) 130,4 мкСм/см (Жезқазған МС) дейінгі шекте болды.

Түскен жауын-шашын қышқылдылығы әлсіз-қышқыл сипатта болып, 5,9 (Балқаш МС) – 6,7 (Қарағанды АШСС МС) аралығында болды.



8.6 сур. Қарағанды облысы аумағындағы атмосфералық жауын-шашын мен қар жамылғысын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы

8.11 Қарағанды облысы аумағындағы жер үсті суларының сапасы

Қарағанды облысындағы жерүсті суларының ластануын бақылау Нұра, Шерубайнұра, Соқыр, Қара Кеңгір, Көкпекті, Сарысу өзендері; Самарқан, Кеңгір су қоймалары, Балқаш көлі 9 су объектісінде жүргізілді.

Нұра өзені Керегетас тауларынан бастау алып, үлкен Теңіз көлімен қосылып жатқан Қорғалжын көлдері жүйесіне құяды. Өзен бастауын Қарағанды облысы аумағынан алып, Ақмола облысы арқылы ағып өтеді. Нұра өзенінде Самарқан суқоймасы орналасқан. Шерубайнұра өзені – Нұра өзенінің оң жақ жағалауында саласы. Кеңгір суқоймасы Қара Кеңгір өзенінде орналасқан, бұл өзен – Сарысу өзенінің оң жақ саласы болып табылады.

Бірыңғай жіктеу бойынша су сапасы келесідей бағаланады:

Нұра өзені:

- тұстама: Нұра өз., Ынтымақ а., ауылдан 6 км төмен, автожол көпірдің ауданында. Су сапасы 4 класқа жатады. магний – 37,7 мг/дм³, фенолдар- 0,0027 мг/дм³.

- тұстама: Нұра өз., Шешенқара а., ауылдан 3 км төмен, автожол көпірдің ауданында: Су сапасы 4 класқа жатады: магний – 47,6 мг/дм³. Магнийдың концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама: Нұра өз., Ботақара а., ауылдан 2 км төмен, автожол көпірдің ауданында. Су сапасы 4 класқа жатады: магний – 42,0 мг/дм³, фенолдар- 0,002 мг/дм³.

- тұстама: «Балықты т.ж. стансасы». Су сапасы 4 класқа жатады: магний – 35,4 мг/дм³, фенолдар- 0,0023 мг/дм³, темір (3+)- 0,07 мг/дм³. Магний мен темір (3+) концентрациясы фондық кластан аспайды, фенолдардың концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама: Теміртау қ. 0,1 км төмен, "Арселор Миттал Теміртау" АҚ және "ТЭМК" АҚ ағынды сулар арығынан 1 км жоғары: Су сапасы 4 класқа жатады: қалқымалы заттар – 19,7 мг/дм³, фенолдар- 0,0023 мг/дм³, темір (3+) - 0,08 мг/дм³. Қалқымалы заттардың, темір (3+) және фенолдардың концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама: «Теміртау қ. 2,1 км төмен, «Арселор Миттал Теміртау» АҚ және «ТЭМК» АҚ ағынды сулар арығынан 1 км төмен» Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): марганец – 0,116 мг/дм³. Марганецтің концентрациясы фондық кластан аспайды.

- тұстама: Садовое бөлімшесі, ауылдан 1 км төмен. Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): марганец – 0,110 мг/дм³. Марганецтің концентрациясы фондық кластан аспайды.

- тұстама: «Теміртау қ. 6,8 км төмен, «Арселор Миттал» АҚ және «ТЭМК» АҚ ағынды сулар арығынан 5,7 км төмен». Су сапасы 4 класқа жатады: фосфаттар – 0,825 мг/дм³, фенолдар- 0,0027 мг/дм³, темір (3+)- 0,17 мг/дм³. Темір (3+) концентрациясы фондық кластан аспайды, фосфаттар мен фенолдардың концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама: ЖанаТалап а., ауыл маңындағы авто-жол көпірі. Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): марганец – 0,110 мг/дм³. Марганецтің концентрациясы фондық кластан аспайды.

- Нұра өз., Ынтымақ су қоймасының жоғарғы ағыны, су сапасы нормаланбайды (>5 класс): марганец – 0,114 мг/дм³. Марганецтің концентрациясы фондық кластан аспайды.

- тұстама: Ынтымақ су қоймасының төменгі ағыны, плотинадан 100 м төмен; Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): марганец – 0,118 мг/дм³. Марганецтің концентрациясы фондық кластан аспайды.

- тұстама: Ақмешіт а., ауылдың шегінде; Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): марганец – 0,112 мг/дм³. Марганецтің концентрациясы фондық кластан аспайды.

- Нұра өз., Нұра к., ауылдан 2,0 км төмен. Су сапасы 4 класқа жатады: магний – 39,0 мг/дм³, фенолдар - 0,002 мг/дм³. Магний мен фенолдардың концентрациясы фондық кластан асады.

- Нұра өз., Рахымжан Қошқарбаев а., ауылдан 5,0 км төмен. Су сапасы 4 класқа жатады: магний – 35,0 мг/дм³, фенолдар - 0,002 мг/дм³. Магний мен фенолдардың концентрациясы фондық кластан асады.

- Кендібай су құбыры, 6км Сабынды а. оңтүстік бойынша. Су сапасы 4 класқа жатады: магний – 38,5 мг/дм³, фенолдар - 0,002 мг/дм³. Магний мен фенолдардың концентрациясы фондық кластан асады.

- Нұра өз., Қорғалжын а., ауылдан 0,2 км төмен. Су сапасы 4 класқа жатады: магний – 46,6 мг/дм³, фенолдар - 0,002 мг/дм³. Магний мен фенолдардың концентрациясы фондық кластан асады.

Нұра өзенінің ұзындығы бойынша су температурасы 11,8-24°C шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 7,32-8,93, судағы еріген оттегі концентрациясы – 7,19-12,7 мг/дм³, ОБТ₅–1,81-4,25 мгО/дм³, түстілігі - 10-63 градус; иісі – 0 балл барлық тұстамаларда.

Нұра өзенінің ұзындығы бойынша су сапасы нормаланбайды (>5 класс): марганец – 0,106 мг/дм³.

Самарқанд су қоймасы:

-тұстама Теміртау қ., плотинадан 7 км жоғары, проран; Су сапасы нормаланбайды (>3 класс): фенолдар – 0,0023 мг/дм³. Фенолдардың концентрациясы фондық кластан асады.

-тұстама, Теміртау қ. шегінде, су қоймасының оңтүстік жағалауынан жарма бойынша (ұзындығы) 0,5 км. Су сапасы нормаланбайды (>3 класс): фенолдар – 0,0027 мг/дм³, темір (3+) – 0,06 мг/дм³. Фенол мен темір (3+) концентрациясы фондық кластан асады.

Самарқанд су қоймасы- бойынша су температурасы 13,0-24,8 °С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 8,20-8,79, судағы еріген оттегі концентрациясы 6,7-12,46 мг/дм³, ОБТ₅–2,60-3,47 мгО/дм³, түстілігі – 31-90 градус; иісі – 0 балл барлық тұстамаларда.

Су сапасы нормаланбайды (>3 класс): фенолдар – 0,0025 мг/дм³, темір (3+) – 0,06 мг/дм³.

Кеңгір су қоймасы бойынша су температурасы 16,6-24,2 °С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 8,30-8,59, судағы еріген оттегі концентрациясы 8,03-9,13 мг/дм³, ОБТ₅–0,50-0,58 мгО/дм³, түстілігі 12-24 градус; иісі – 0 балл.

Кеңгір суқоймасы, Жезқазған қ., Қара Кеңгір өзенінен 0,1 км А 15. Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): жалпы темір– 0,34 мг/дм³. Жалпы темірдің концентрациясы фондық кластан асады.

Қара Кеңгір өзені:

- тұстама: «Жезқазған қ., қаланың шегінде, Кеңгір суқоймасының плотинасынан 0,2 км төмен, «ПТВС» АҚ ағынды сулар ағызудан 0,2 км жоғары» 4 класқа жатады: магний – 76,2 мг/дм³, сульфаттар – 543 мг/дм³, темір (3+) – 0,25 мг/дм³. Магний және сульфаттар, темір (3+) концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама: «Жезқазған қ. шегінде, Кеңгір су қоймасының плотинасынан 4,7 км төмен, «ПТВС» АҚ ағынды сулар ағызудан 0,5 км. төмен», су сапасы нормаланбайды (>5 класс): аммоний ион – 16,5 мг/дм³, жалпы темір – 0,57

мг/дм³. Аммоний ионы және жалпы темірдің концентрациялары фондық кластан асады.

- тұстама: «Жезқазған қ. шегінде, Кеңгір суқоймасының плотинасынан 3,0 км төмен, «ПТВС» АҚ ағынды сулар ағызудан 5,5 км. төмен», су сапасы нормаланбайды (>5 класс): аммоний ион – 3,2 мг/дм³, жалпы темір – 0,70 мг/дм³. Аммоний ионы мен жалпы темірдің концентрациялары фондық кластан асады.

Қара Кеңгір өзенінің ұзындығы бойынша су температурасы 15,0-25,2 °С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 7,77-8,93, судағы еріген оттегі концентрациясы 4,33-9,67 мг/дм³, ОБТ₅ –0,52-5,7 мгО/дм³, түстілігі – 15-219 градус; иісі – 1 балл барлық тұстамаларда.

Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): аммоний ион – 6,71 мг/дм³, жалпы темір – 0,51 мг/дм³.

Сарысу өзені:

-тұстама: «Сарысу с/о-нен 0,5 км», су сапасы нормаланбайды (>5 класс): кальций – 235мг/дм³, магний – 211 мг/дм³, хлоридтер – 1251мг/дм³.

-тұстама: «0,5 км дюкерден жоғары», су сапасы нормаланбайды (>5 класс): кальций – 234 мг/дм³, жалпы темір – 0,31 мг/дм³, магний – 215 мг/дм³, хлоридтер – 1336 мг/дм³.

- тұстама: «4,0 км. Дюкерден төмен», су сапасы нормаланбайды (>5 класс): кальций – 250 мг/дм³, магний – 236 мг/дм³, хлоридтер – 1409 мг/дм³, сульфаттар – 1503 мг/дм³.

Сарысу өзенінің ұзындығы бойынша су температурасы 12,8-22,6 °С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 8,15-8,61, судағы еріген оттегі концентрациясы 7,37-9,87 мг/дм³, ОБТ₅ –0,76-1,55 мгО/дм³, түстілігі – 42-58 градус; иісі – 1 балл барлық тұстамаларда.

Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): кальций-239 мг/дм³, магний- 221 мг/дм³, хлоридтер – 1334мг/дм³.

Соқыр өзені:

-тұстама: Құрылыс а. маңындағы автожол көпіріндегі Құрылыс а. Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): марганец – 0,107 мг/дм³.

-тұстама: Қаражар а. маңындағы автожол көпірі бойынша сағасы, Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): марганец – 0,145 мг/дм³. Марганецтің концентрациясы фондық кластан аспайды.

Соқыр өзенінде су температурасы 12,3-24 °С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 7,44-8,26, судағы еріген оттегі концентрациясы 5,9-10,3 мг/дм³, ОБТ₅ –1,8-2,94 мгО /дм³, түстілігі – 17-61градус; иісі – 0 балл.

Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): марганец – 0,129 мг/дм³.

Шерубайнұра өзені:

-тұстама: «Шопа а. шегіндегі Шопа а.». Су сапасы нормаланбайды (>3 класс): фенолдар – 0,0017 мг/дм³.

-тұстама: «Қара-Мұрын а. Қарағанды-Жезқазған трассасындағы автомобильді көпір». Су сапасы нормаланбайды (>3 класс): фенолдар – 0,0023мг/дм³.

-тұстама:«Асыл а. 2,0 км төмен сағасындағы» тұстамасында; Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): жалпы темір – 0,63 мг/дм³, марганец – 0,143 мг/дм³, фосфаттар – 5,39 мг/дм³, хлоридтер-3,72мг/дм³. Жалпы темір, марганец, хлоридтер және фосфаттардың концентрациясы фондық кластан асады.

Шерубайнұра өзені бойынша су температурасы 10-23°C шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 7,75-8,29, судағы еріген оттегі концентрациясы 5,44-11,0 мг/дм³, ОБТ₅–1,79-3,26 мгО/дм³, түстілігі – 9-64 градус; иісі – 0 балл.

Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): жалпы темір – 0,63 мг/дм³, фосфаттар – 5,39 мг/дм³.

Көкпекті өзені су температурасы 17,4-25 °С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 8,22-8,42, судағы еріген оттегі концентрациясы 6,81-12,7мг/дм³, ОБТ₅–2,62-3,76 мгО/дм³, түстілігі – 22-47 градус; иісі – 0 балл.

- «Жұмыс кентінен 0,5 км төмен» тұстама: Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): марганец – 0,113 мг/дм³. Марганецтің концентрациясы фондық кластан аспайды.

Қ.Сәтпаев атындағы арна:

- «№17 сорғы стансасы» тұстамасы. Су сапасы 4 класқа жатады: магний – 51,6 мг/дм³, темір (3+) - 0,04 мг/дм³. Магний мен темір (3+) концентрациясы фондық кластан асады.

- «156 көпір (Петровка а. көпір)» тұстамасы. Су сапасы 4 класқа жатады: магний – 52,1 мг/дм³, қалқымалы заттар- 13,4 мг/дм³, темір (3+) - 0,03 мг/дм³. Магний, қалқыма заттардің концентрациясы фондық кластан асады, темір (3+) концентрациясы фондық кластан аспайды.

Қ.Сәтпаев ат.арна ұзындығы бойынша - су температурасы 22,8 – 23,6 °С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 7,78-7,80, судағы еріген оттегі концентрациясы 9,15-9,80 мг/дм³, ОБТ₅ –2,61-3,59мгО/дм³, түстілігі – 33-37 градус; иісі – 0 балл.

Су сапасы 4 класқа жатады: магний – 51,9 мг/дм³, темір (3+) - 0,03 мг/дм³.

Қорғалжын қорығындағы (Қарағанды обл.) **Шолақ көлінің** су температурасы 21,2 °С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 8,0 , судағы еріген оттегі концентрациясы 11,32 мг/дм³, ОБТ₅ –3,26 мг/дм³, ОХТ₅ –31,6 мг/дм³,қалқымалы заттар – 9,0 мг/дм³, құрғақ қалдықтар- 896 мг/дм³,түстілігі – 53 градус; иісі – 0 балл.

Қорғалжын қорығындағы (Қарағанды обл.) **Есей көлінің** су температурасы 19,0 °С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 8,24 , судағы еріген оттегі концентрациясы 10,80 мг/дм³, ОБТ₅ –3,26 мг/дм³, ОХТ₅ –27,0 мг/дм³,қалқымалы заттар – 20,8 мг/дм³ , құрғақ қалдықтар- 1452мг/дм³, түстілігі – 53 градус; иісі – 0 балл.

Қорғалжын қорығындағы (Қарағанды обл.) **Сұлтанкелді көлінің** су температурасы 20,5 °С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 7,74 , судағы еріген оттегі концентрациясы 9,43 мг/дм³, ОБТ₅ –3,26 мг/дм³, ОХТ₅ –33,3 мг/дм³,қалқымалы заттар – 19,0 мг/дм³ , құрғақ қалдықтар- 1484мг/дм³, түстілігі – 44 градус; иісі – 0 балл.

Қорғалжын қорығындағы (Қарағанды обл.) **Қоқай көлінің** су температурасы 20,8 °С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 7,92 , судағы еріген оттегі концентрациясы 9,43 мг/дм³, ОБТ₅ –3,26 мг/дм³, ОХТ₅ –28,2 мг/дм³, қалқымалы заттар – 20,0 мг/дм³ , құрғақ қалдықтар- 1108 мг/дм³, түстілігі – 42 градус; иісі – 0 балл.

Қорғалжын қорығындағы (Қарағанды обл.) **Теңіз көлінің** су температурасы 21,2 °С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 8,40 , судағы еріген оттегі концентрациясы 7,89 мг/дм³, ОБТ₅ –3,26 мг/дм³, ОХТ₅ –34,2 мг/дм³, қалқымалы заттар – 32,0 мг/дм³ , құрғақ қалдықтар- 25045 мг/дм³, түстілігі – 22 градус; иісі – 0 балл.

Балқаш көлінің су температурасы 14-25,4 °С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 8,21-8,63 , судағы еріген оттегі концентрациясы 7,54-10,03 мг/дм³, ОБТ₅ –0,32-1,87 мг/дм³, ОХТ₅ –2,21-63,6 мг/дм³, қалқымалы заттар – 16-59 мг/дм³ , түстілігі – 4-97 градус; иісі – 0 балл.

Қарағанды облысының аумағындағы 2020 жылғы 3 тоқсандағы су объектілерінің су сапасы Бірыңғай жіктеме бойынша келесідей бағаланады: нормаланбайды (>3 класс): Самарканд су қоймасы; 4 класс :Қ.Сатпаев ат. арна; нормаланбайды (>5 класс): Нұра, Көкпекті, Соқыр, Шерубайнұра, Сарысу, Қара Кеңгір өзендері, Кеңгір су қоймасы. (кесте 4).

2019 жылдың 3 тоқсанмен салыстырғанда Сарысу, Қара Кеңгір, Соқыр, Шерубайнұра өзендерінде су сапасы айтарлықтай өзгермеді, Нұра, Көкпекті өзендері мен Кеңгір су қоймасында, Қ.Сатпаев ат.арнада нашарлады, Самарқан су қоймасының су сапасы жақсарды.

8.12 Қарағанды облысының гидробиологиялық көрсеткіштері бойынша жер үсті суларының сапасы

Нұра өзені

Есептегі айда зоопланктон әртүрлілігімен ерекшелінбеді. Су сынамасындағы түрлер саны 3 түрден кездесті. Ескекаяқтышаяндар басым болып, жалпы планктон санының 57% құрады. Соның ішінде Eucyclops serrulatus және Cyclops strenuus басымдылық танытты. Зоопланктонның жалпы биомассасының 41% талшықмұрттылар, ал 2% домалақ құрттар құрады. Жалпы орташа саны 1,28 мың дана/м³, ал биомассасы 16,25 мг/м³ құрады. Сапроб индексі 1,58 – 2,03 аралығында болып, өзен бойынша орташа сан 1,85. Зоопланктон жағдайына байланысты, су класы - 3, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Фитопланктон есептегі айда жақсы дамыды. Жасыл балдырлар басым болып, жалпы биомассаның 63% құрады. Су сынамасындағы түрлердің орташа саны 18 көрсетті. Альгофлораның жалпы саны 1,09 мың кл/см³, жалпы биомассасы 0,075мг/дм³ тең болды. Орташа сапроб индексі 1,91, яғни үшінші класқа сәйкес орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Перифитон әртүрлілігімен ерекшеленді. Су сынамасында балдырлардың барлық топтары диатомды, жасыл, көк-жасыл және эвгленалы балдырлар, сонымен қатар тамыраяқтылар мен кірпікшелі инфузориялылар кездесті. Кездесу жиілігі 5-7-9. Ерекше лас аймақтарға "Жана-Талап" пен "Сабынды"

ауылы (2,09; 2,24) тұстамалары жатады. 2020 жылдың 2-тоқсаны мен 3-тоқсанның сапроб индекстерінде елеулі өзгерістер болмады (1-кесте). Орташа сапроб индекс 1,96 құрады.

1-кесте

Нұра өзенінің тұстамаларында сапроб индекстерінің өзгерістері

№ р/с	Тұстама аталуы	Сапроб индексі	
		2-тоқсан 2020ж.	3-тоқсан 2020ж.
1	Нұра өзені, Шешенқара ауылы	1,94	1,75
2	Нұра өзені, Балықты т/ж бекеті	-	1,89
3	Нұра өзені, Теміртау қ, «Арселор Миттал Теміртау» АҚ және «ТЭМК» АҚ бірлескен ағынды сулар шығарылымынан 1 км төмен	1,97	2,08
4	Нұра өзені, Садовое бөлімшесі	1,88	1,98
5	Нұра өзені, Теміртау қ, «Арселор Миттал Теміртау» АҚ және «ТЭМК» АҚ бірлескен ағынды сулар шығарылымынан 5,7 км төмен	1,98	1,97
6	Нұра өзені, Жана-Талап ауылы	2,01	2,09
7	Нұра өзені, Ынтымақ су қоймасының жоғарғы бьефі	-	1,96
8	Нұра өзені, Ынтымақ су қоймасының төменгі бьефі	1,86	1,97
9	Нұра өзені, Ақмешіт ауылы	1,75	1,86
10	Нұра өзені, Нұра ауылы	1,93	1,81
11	Нұра өзені, Сабынды ауылы	1,82	2,24
12	Нұра өзені, Қорғалжын ауылы	1,82	1,91

Перифитонды зерттеу нәтижесіне байланысты, су класы - 3, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Зообентос 3-тоқсанда әртүрлілігімен ерекшеленіп, төмендегідей топтардан құралды:

Гидра (Hydrozoa), ұлулар (Bivalvia және Gastropoda), жәндіктер (Insecta), аз қылтанды құрттар (Oligochaeta), сүліктер (Hirudinea), ақ планария (Turbellaria), шаянтәрізділер (Crustacea). Зообентос негізін β -мезосапробты организмдер, сонымен қатар полисапробты және олигосапробты организмдер де сирек кездесті. Биотикалық индекс 5-ке тең болды. Су сапасының класы – үшінші класқа сәйкес, орташа ластанған су сапасын көрсетті (2-кесте).

2-кесте

Бентос бойынша жер үсті суларының сапасына салыстырмалы сипаттама

Тұстама аталуы	Топтағы түр саны		Биотикалық индекс		Су класы	
	3-тоқсан 2019ж.	3-тоқсан 2020ж.	3-тоқсан 2019ж.	3-тоқсан 2020ж.	3-тоқсан 2019ж.	3-тоқсан 2020ж.
Нұра өзені, Балықты т/ж бекеті	б/ұ-4 к/ұ-12 н -1	б/ұ-4 аз/к – 1 к/к - 1	5	5	3	3

Тұстама аталуы	Топтағы түр саны		Биотикалық индекс		Су класы	
	3-тоқсан 2019ж.	3-тоқсан 2020ж.	3- тоқсан 2019ж.	3- тоқсан 2020ж.	3- тоқсан 2019ж.	3- тоқсан 2020ж.
Нұра өзені, Теміртау қ, «Арселор Миттал Теміртау» АҚ және «ТЭМК» АҚ бірлескен ағынды сулар шығарылымынан 1 км төмен	б/ұ-7 к/ұ-3 аз/қ - 4 ж(ж) – 1 а/с - 13 с-1	б/ұ-2 ш - 3 аз/қ - 2 с-2 а/с-1 к/қ – 2 ж(и) - 1	5	5	3	3
Нұра өзені, Садовое бөлімшесі	б/ұ-1 к/ұ-11 қ - 1	б/ұ-4 к/ұ-1 к/қ -5 қ – 1 ж(ж) – 2 ш - 2	5	5	3	3
Нұра өзені, Теміртау қ, «Арселор Миттал Теміртау» АҚ және «ТЭМК» АҚ бірлескен ағынды сулар шығарылымынан 5,7 км төмен	к/ұ-34 ж(ж)-5	к/ұ-17 ш - 1 б/ұ-2 к/қ - 1 ж(ж) - 1	5	5	3	3
Нұра өзені, Жана-Талап ауылы	с - 2 к/ұ-1 к/қ-5 қ – 2 ж(б) – 5 ж(ж)-7 ш -2	к/ұ-4 к/қ-6 ж(қ)-1 ж(б)-1 ш-1 аз/қ - 6 ж(ж)-6	5	5	3	3
Нұра өзені, Ынтымақ су қоймасының жоғарғы бьефі	ш-3 б/ұ-11 аз/қ - 5 ж(ж)-2 с – 2	б/ұ-3 к/қ -12 қ -2 ш-9 к/ұ-12 г - 5	5	5	3	3
Нұра өзені, Ынтымақ су қоймасының төменгі бьефі	б/ұ-21 к/ұ-13 г - 25 с-2 аз/қ - 9 к/қ – 2 ж(ж)-2 ш - 4	б/ұ-1 к/ұ-32 г-37 қ - 1 к/қ-2 ж(ж)-2 а/с - 12 ш - 14	5	5	3	3
Нұра өзені, Ақмешіт ауылы	б/ұ-1 к/ұ-3 ж(ж)– 2 ж(б)-7 ш-27 қ - 6	б/ұ-1 к/ұ-5 к/қ - 18 ж(б)-6 ж(ж)-5 ш-12	5	5	3	3

Тұстама аталуы	Топтағы түр саны		Биотикалық индекс		Су класы	
	3-тоқсан 2019ж.	3-тоқсан 2020ж.	3-тоқсан 2019ж.	3-тоқсан 2020ж.	3-тоқсан 2019ж.	3-тоқсан 2020ж.
		г - 7				
Нұра өзені, Нұра ауылы	к/ұ-2 қ -2	к/ұ-2	5	5	3	3
Нұра өзені, Сабынды ауылы	ш - 3	ш - 2	5	5	3	3
Нұра өзені, Қорғалжын ауылы	ш - 1	к/ұ - 5	5	5	3	3

Ескертпе:

к/ұ–қосжақтаулы ұлу;б/ұ–бауыраяқты ұлу;

с - сүліктер;ш - шаянтәрізділер;ж(б) - біркүндіктер;к - қандала;
ж(қ) - қоңыздар;ж(и) – инелік;

к/қ- қосқанаттылар;ж(ж) – жылғалақтараз/к –аз қылтанды құрттар;а/с-ак
сұлама;
г-гидра

н - нематодтар

Биотестілеу кезінде Нұра өзенінде тест-нысанға өткір уыттылық байқалмады. Теміртау қаласы, "бірлескен ағынды сулар шығарылымынан 1 км төмен" тұстамасында өлген дафниялардың бақылауға қатынасы бойынша пайызы 3% құрады. Қалған бақылау нүктелерінде тест-көрсеткіш 0% көрсетті.

Шерубай нұра өзені

Зоопланктон бірлестігі орташа дамыды. Негізгі рөлді ескекаяқты шаяндар құрап, жалпы планктон санының 67% құрады. Талшықмұртты шаяндар - 22%, ал домалақ құрттар- 11% көрсетті. Жалпы саны 1,17 мың дана/м³, ал биомассасы 7,97 мг/м³ құрады. Сапроб индексі 2,00. Су класы - 3, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Сан мен биомасса жағынан альгофлора негізін диатомды балдырлар құрап, жалпы биомассаның 84% құрады. Жасыл балдырлар 15%, өзге балдырлар 1% көрсетті. Көк-жасыл балдыр түрлері кездеспеді. Жалпы саны 2,36 мың дана/м³,жалпы биомассасы – 0,062 мг/дм³. Су сынамасындағы түрлер саны – 8, сапроб индексі - 2,21. Су класы - 3, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Перифитон негізінен диатомды, жасыл және эвгленалы балдырлардан құралды. Диатомды балдырлардан: *Cyclotella meneghiniana*, *Navicula cryptocephala* *Surirella spiralis*, жасыл балдырлардан: *Coelastrum microporum*, *Cosmarium formulosum*, *Rhizoclonium hieroglyphicum*, *Scenedesmus acuminatus*, эвгленалылардан: *Euglena ehrenbergii* және *Phacus curvicauda* жиі кездесті. Кірікшелі инфузориядан - *Vorticella convalaria* су сынамында болды.Сапробиологиялық тадауға сәйкес, бета-мезасапробты организмдер басымдылық көрсетті. Орташа сапроб индексі 2020 жылдың 3-тоқсанында 1,91 құрады.Су класы – үшінші.

Өткір уыттылықты анықтау үрдісі кезіндетірі қалған дафниялар саны 98%, тест-көрсеткіш 2% тең болды. Уытты әсері анықталған жоқ.

Қара Кеңір өзені

Зоопланктон сынамасы орташа дамыды. Ескеаяқты шаяндар басымдылық танытып, жалпы зоопланктон санының 70% құрады. Талшықмұртты шаяндар үлесіне 8%, домалақ құрттар үлесіне 22% тиді. Сынамадаға орташа түр саны – 3. Орташа жалпы саны 1,09 мың дана/м³, биомассасы 7,64 мг/м³. Өзен бойынша орташа сапроб индексі – 1,87, яғни 3-класқа сәйкес, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Фитопланктонда диатомды балдырлар басымдылық көрсетіп, 60% құрады. Жасыл балдырлар 39%, көк-жасыл балдырлар 1% ғана кездесіп, жалпы биомассаны құруға қатысты. Жалпы саны мен биомассасы 0,99 мың кл/см³, 0,041 мг/дм³. Су сынамасындағы түр саны – 7. Өзен бойынша орташа сапроб индексі – 2,05, яғни үшінші класқа сәйкес, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Биотестілеу кезіндетірі қалған дафниялар саны 100 % көрсетті. Кеңгір су қоймасы бөгетінен "ағынды сулар шығарылымынан 0,5 км төмен" тұстамасында дафниялардың сәл өлгені байқалды. Тест-көрсеткіш 3%-ға тең. Алынған мәліметтерге сәйкес, өзен суы тест-нысанға уытты әсер етпейді.

Самарқан су қоймасы

Зоопланктон сынамасы орташа дамыды. Ескеаяқты шаяндар басымдылық көрсетіп, жалпы планктон санының 67% құрады. Талшықмұрттылар 33% көрсетті. Домалақ құрттар су сынамасында кездеспеді. Жалпы орташа саны 0,75 мың дана/м³, ал биомассасы 7,42 мг/м³. Сапроб индексі 1,76 құрап, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Фитопланктон жақсы дамыды. Негізгі биомасса 3-тоқсан бойынша жасыл балдырлар дамуынан құралды. Өзге балдыр түрлері кездеспеді. Жалпы саны 0,46 мың кл/см³, биомассасы 0,037 мг/дм³. Су сынамасындағы түрлер саны – 19. Сапроб индексі 1,89.

2020 жылдың 3-тоқсанында перифитон бірлестігінің түрлік құрамы диатомды балдырлардан құралды. *Symbella lanceolata*, *Epthemia sorex*, *Navicula gracilis* түрлерінен құралды. Жасыл және көк-жасыл балдырлардың кездесу жиілігі 1-2 құрады. Сонымен бірге су сынамасында пиррофитті балдыр түрі (*Pyrrophyta*) – *Ceratium hirudinella* кездесті. Сапроб индексі 1,85. Өткен 2019 жылмен салыстырғанда, айтарлықтай өзгерістер болмады. Су класы – үшінші, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Зообентос бірлестігі есептегі айда әртүрлілігімен ерекшеленді. Ұлулар класы (*Bivalvia* және *Gastropoda*) және шаянтәрізділер (*Crustacea*) басым кездесті. Ұлулар класынан *Lymnaea stagnalis* (β -1,85), *Pisidium casertanum* (β - α -2,4), *Unio pictorum* (β -1,75) шаянтәрізділерден - *Gammarus pulex* (χ - β -0,65) және *Niphargus aquilex* (χ -0,1), жәндіктерден *Corixa* sp. (σ - β -1,85) басымдылық танытты. Биотикалық индекс 5-ке тең. Зообентос жағдайына байланысты, су сапасы орташа ластанған.

Биотестілеу кезінде тірі қалған дафниялар саны бақылауға қатынасы бойынша 100% көрсетті. Тест-көрсеткіш 0%-ға тең. Зерттелген су нысаны *Daphnia magna* уытты әсер етпейді.

Кеңгір су қоймасы

Зоопланктон есептегі кезеңде орташа дамыды. Домалақ құрттар мен ескеаяқты шаяндар бірдей пайыздық мөлшерде кездесті (46%-дан). Орташа саны 1,16 мың дана/м³, биомассасы 17,37 мг/м³. Сапроб индексі 1,61, су класы – үшінші, яғни орташа ластанған.

Фитопланктон нашар дамыды. Түрлер саны 8. Жасыл балдырлар басымдылық көрсетті. β-мезосапробты организмдер басым болды. Жалпы саны орташа 0,14 мың кл/см³, ал биомасса 0,011 мг/дм³ болды. Сапроб индексі 1,78. Су класы – 3, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Биотестілеу кезінде тірі қалған дафниялар саны 100% көрсетті. Тест-көрсеткіш 0%-ға тең. Зерттелген су нысаны уытты әсер етпейді.

Қорғалжын көлдері

Шолақ көлі

Зоопланктон бірлестігі нашар дамыған. Ескеаяқты шаяндар шаяндар басым болып, 100% зоопланктонның жалпы санын құрады. Жалпы саны 0,63 мың дана/м³, биомассасы 6,25 мг/м³. Сапроб индексі 1,75.

Фитопланктонда жасыл балдырлар басым болып, жалпы биомассаның 64% құрады. Диатомды балдырлар 22%, көк-жасыл балдырлар 14% биомассаны құруға қатысты. Альгофлораның жалпы орташа саны 0,17 мың дана/м³, ал биомассасы 0,016 мг/м³, су сынамасындағы түрлер саны – 13. Сапроб индексі 1,91, яғни, 3 класс, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Перифитон бірлестігі орташа дамыды. Кездесу жиілігі 2-3 болатын, диатомды, жасыл, көк-жасыл және эвгленалы балдырлар басымдылық танытты. Сапроб индексі 1,69. Су класы – үшінші.

Зообентостың құрамы бауыраяқты ұлулар мен қосжақтаулы ұлулардан (*Bivalvia* және *Gastropoda*): *Planorbis vortex* пен *Shaerium corneum* құралды. Биотикалық индексті анықтау барысында, зерттелген аймақ орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Есей көлі

Зоопланктон орташа дамыды. Талшықмұртты шаяндар мен ескеаяқты шаяндар тең пайыздық мөлшерде кездесті. Жалпы саны 0,63 мың дана/м³, биомассасы 6,25 мг/м³. Бета-мезосапробты организмдер басым болды. Сапроб индексі 1,71. Зоопланктон жағдайына байланысты су сапасы орташа ластанған.

Фитопланктон орташа дамыды. Саны және биомассасы жағынан жасыл балдырлар басымдылық танытып, жалпы биомассаның 75% құрады. Жалпы саны 0,38 мың дана/м³, ал биомассасы 0,025 мг/м³. Сынамадағы түр саны – 13. Орташа сапроб индексі 1,89, яғни, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Перифитон диатомды, жасыл, көк-жасыл және эвгленалы балдырлардан құралды. Кездесу жиілігі 1-2, яғни өте сирек кездесті. Орташа сапроб индексі 1,75, яғни, 3 класс орташа ластанған су сапасы.

Есей өзенінің бентос құрамы ұлулардан (*Bivalvia* және *Gastropoda*) ғана құралды. *Bivalvia* (қосжақтаулылардан) *Margaritana margaritifera*, бауыраяқтылардан: *Amphiprepia glutinosa*, *Galba glabra*, *Lymnaea auricularia*, *Planorbis complanata*, *Viviparus viviparus* және басқалары. Вудивиссу бойынша биотикалық индекс - 5. Су класы – үшінші.

Сұлтанкелді көлі

Есептегі айда зоопланктон бірлестігі орташа дамыған. Су сынамаcында шаяндар ғана кездесті. Зоопланктон саны 0,63 мың дана/м³, биомассасы 7,25 мг/м³. Орташа сапроб индексі 1,66 көрсетті. Жалпы көл бойынша су сапасы орташа ластанған, 3 класты көрсетті.

Фитопланктон орташа дамыған. Саны мен биомасса жағынан жасыл балдырлар басым түсті. Олар жалпы биомассаның 78% құрады. Орташа жалпы саны 0,33 мың дана/м³, ал биомассасы 0,032 мг/м³. Түрлер саны – 11. Сапроб индексі 1,83. Фитопланктон жағдайына байланысты, су сапасы орташа ластанған.

Перифитон құрамы әртүрлі, жақсы дамыған. Жасыл және көк-жасыл балдырлардан құралды. Жасыл балдырлардан *Coelastrum microporum* және *Cosmarium formulosum* кездесті. Сонымен қатар су сынамаcында кездесу жиілігі 1-2 болатын диатомды балдырлар кездесті. Сапроб индексі 1,78, яғни, 3 класс орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Зообентос бауыраяқты ұлулардан (*Gastropoda*) *Lymnaea ovata* және *Lymnaea stagnalis* құралды. Сонымен бірге су сынамаcында жәндік дернәсілі – жылғалықтар (*Trichoptera*) *Hydropsyche* sp. кездесті. Биотикалық индекс – 5. Су класы үшінші.

Қоқай көлі

Зоопланктон орташа дамыды. Су сынамаcында сан жағынан ескекеяқты шаяндар басым болып, жалпы зоопланктон санының 80% құрады. Талшықмұртты шаяндар 20% кездесті. Бұл кезеңде орташа саны 1,12 мың дана/м³, биомассасы 11,25 мг/м³. Сапроб индексі 1,57 болып, су сапасы үшінші класқа сәйкес болды.

Фитопланктон орташа дамыған. Көк-жасыл балдырлар басым болып, жалпы биомассаның 49% құрады. Жалпы орташа саны 0,18 мың кл/см³, жалпы биомассасы 0,021 мг/дм³ тең болды. Сынамадағы түр саны - 13. Сапроб индексі 1,85. Су класы – үшінші, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Перифитонның негізін диатомды балдырлардың *Amphora*, *Cymatopleura*, *Erithemia* туыстарынан құралды. Жасыл балдырлар су сынамаcында кездеспеді. Көк-жасыл және эвгленалы балдырлар бір данадан кездесті. Сапроб индексі 1,92. Су класы - 3, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Бентос негізін бауыраяқты ұлулар класының түрлерінен (*Gastropoda*): *Lymnaea ovata*, *Lymnaea stagnalis* *Planorbis complanata* құралды. Биотикалық индекс – 5. Зерттелініп отырған су айдыны орташа ластанған сапаны көрсетіп отыр.

Теңіз көлі

Зоопланктон нашар дамыды. Су сынамаcында сапроб индексі анықталынбайтын *Naupacticoidea* өкілі ғана кездесті.

Фитопланктон нашар дамыған. Жалпы орташа саны 0,13 мың кл/см³, жалпы биомассасы 0,007 мг/дм³ тең болды. Сынамадағы түр саны - 9. Сапроб индексі 1,86. Су сапасы орташа ластанған.

Перифитон бірлестігі диатомды балдырлардан *Cocconeis*, *Cymbella* және *Navicula* құралды. Жасыл балдырлар кездеспеді. Сапроб индексі 1,93. Су класы - 3, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Зообентос құрамы шаянтәрізділерден (Crustacea) Harpacticoida sp.отрядынан құралды. Биотикалық индекс 5-ке тең. Су класы – үшінші. Орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Балқаш көлі

Зоопланктон зерттелген аймақта сапасы жағынан тұрақты, сан жағынан жақсы дамыған. Ескекаяқты шаяндар басымдылық көрсетті (100%). Бұл кезеңде орташа саны 2,66 мың дана/м³, биомассасы 46,68 мг/м³. Сапроб индексі 1,70 құрап, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Фитопланктон нашар дамыды. Диатомды балдырлар басым болып, жалпы планктон санының 70% құрады. Осы есептік кезеңінде көл бойынша жалпы сан 0,05 мың кл/см³, жалпы биомассасы 0,004мг/дм³ тең болды. Сынамадағы түр саны - 4.Сапроб индексі 1,69 құрады. Су сапасы орташа ластанған.

Биотестілеу нәтижесі бойынша, өлген дафниялардың бақылауға қатынасы бойынша пайызы төмендегідей тұстамаларда: Оңтүстік бөлік, мыса Қарағаштың солтүстік жағалауынан 15,5 км - 1%, Балқаш қаласы, А 175° ОГП-ның солтүстік жағалауынан 38,5 км - 1%, бұқта Бертыс, А107° ТЭЦ б.а.с.шығ/ның батыс жағалауынан 3,1 км – 1%, Қалған тұстамалар 100%-ды көрсетті. Алынған мәліметтерге сәйкес, өзен суы тест-нысанға ұйытты әсер етпейді (6 Қосымша).

8.12 Ихтиологиялық мониторинг. Балық терісіндегі сынаптың құрамы

2020 жылдың шілде, тамыз айларында Нұра (Балықты т/ж стансасы), Самарқан және Ынтымақ су қоймаларында ихтиологиялық сынама алынды. Барлығы 1-5 жылдық 30 дара ағзалар алынды (5 кесте).

Балық етіндегі сынап мөлшерінің шекті жол берілген шоғыры:

- 0,3 мг/кг –жыртқыш емес тұщы судағы балық,
- 0,6 мг/кг - жыртқыш тұщы судағы балық.

Балық етіндегі сынаптың мөлшері мүлдем болмауынан 0,22 мг/кг дейін болды.

Ынтымақ су қоймасындағы жыртқыш емес тұщы судағы балықтағы сынаптың максималды мөлшері 0,028 мг/кг - 0,14 мг/кг, ал жыртқыш балық сынамасында 0,11мг/кг -дан 0,22 мг/кг дейін.

Нұра өзені, Балықты т/ж стансасы тұстамасындағы жыртқыш емес тұщы су балығындағы жалпы сынаптың ең үлкен мөлшері 0,011мг/кг болды.

Самарқан су қоймасындағы жыртқыш емес тұщы су балығындағы жалпы сынаптың мөлшері 0,011 мг/кг, ал жыртқыш балық сынамасында 0,040мг/кг - дан 0,072 мг/кг дейін. (5 –кесте)

2020 жылғы шілде және тамыздағы кәсіптік балықтар терісіндегі сынаптың мөлшері (морфометриялық сипаты, сынамадағы жалпы сынаптың шоғыры)

5-кесте

N p/c	Түр атауы	L, см	Q, г	жасы, жыл	Сынап мөлшері, мг/кг
Нұра өзені, Балықты теміржол стансасы (шілде)					
1	Табан балық	18,5	130,0	3+	<0,005
2	Табан балық	17,2	111,0	3+	<0,005
3	Табан балық	20,5	125,0	3+	<0,005
4	Табан балық	20,3	127,1	3+	<0,005
5	Табан балық	19,0	123,0	3+	<0,005
6	Кәдімгі алабұға*	18,4	88,0	3+	<0,005
7	Кәдімгі алабұға*	18,3	83,7	3+	0,010
8	Кәдімгі алабұға*	17,7	80,0	3+	0,008
9	Кәдімгі алабұға*	12,0	20,0	1+	<0,005
10	Кәдімгі алабұға*	7,0	16,0	1+	<0,005
Нұра өзені, Балықты теміржол стансасы (тамыз)					
11	Кәдімгі алабұға*	16,8	110,0	3+	0,006
12	Кәдімгі алабұға*	17,0	112,0	3+	0,006
13	Кәдімгі алабұға*	22,0	131,0	5+	0,010
14	Кәдімгі алабұға*	23,0	136,0	5+	0,011
15	Торта балық	12,8	40,0	3+	<0,005
16	Торта балық	13,4	40,0	3+	<0,005
17	Торта балық	13,0	37,0	3+	<0,005
18	Табан балық	17,0	155	3+	<0,005
19	Табан балық	17,3	151	3+	<0,005
20	Табан балық	26,5	390,0	4+	<0,005
Самарқан су қоймасы (шілде)					
21	Табан балық	18,0	139,5	3+	0,010
22	Табан балық	19,0	141,0	3+	0,010
23	Табан балық	20,3	150,0	3+	0,011
24	Табан балық	20,7	123,0	3+	0,009
25	Табан балық	20,8	126,0	3+	0,006
26	Табан балық	17,0	120,0	2+	0,006
27	Табан балық	19,0	119,0	2+	0,005
28	Табан балық	15,0	113,0	2+	0,005
29	Табан балық	15,4	114,0	2+	0,005
30	Табан балық	14,2	97,0	2+	0,005
Самарқан су қоймасы (тамыз)					
31	Кәдімгі алабұға*	18,2	115,0	3+	0,066
32	Кәдімгі алабұға*	18,8	115,0	3+	0,072
33	Кәдімгі алабұға*	17,5	110,0	3+	0,040
34	Табан балық	16,6	145,0	3+	0,010
35	Табан балық	17,5	149,0	3+	0,011
36	Табан балық	16,9	142,0	3+	0,009
37	Табан балық	17,4	148,0	3+	0,011

N р/с	Түр атауы	L, см	Q, г	жасы, жыл	Сынап мөлшері, мг/кг
38	Табан балық	18,5	157,0	3+	0,011
39	Торта балық	14,2	40,0	3+	0,009
40	Торта балық	15,4	49,0	3+	0,010
Ынтымақ су қоймасы (шілде)					
41	Табан балық	21,7	177,0	3+	0,092
42	Табан балық	23,0	140,0	3+	0,078
43	Табан балық	13,8	117,0	3+	0,14
44	Бозша мөңке	14,0	119,0	2+	0,10
45	Бозша мөңке	16,0	170,0	2+	0,12
46	Бозша мөңке	17,0	180,0	2+	0,10
47	Бозша мөңке	17,3	185,0	2+	0,11
48	Торта балық	13,0	37,0	3+	0,068
49	Торта балық	11,5	34,0	2+	0,072
50	Торта балық	11,2	32,0	3+	0,074
Ынтымақ су қоймасы (тамыз)					
51	Кәдімгі алабұға*	17,0	98,0	3+	0,11
52	Кәдімгі алабұға*	22,0	121,0	3+	0,13
53	Кәдімгі алабұға*	21,0	270,0	4+	0,22
54	Бозша мөңке	23,0	280,0	4+	0,054
55	Бозша мөңке	25,	316,0	5+	0,062
56	Бозша мөңке	26,0	345,0	5+	0,088
57	Бозша мөңке	26,0	342,0	5+	0,092
58	Табан балық	16,5	142,0	3+	0,032
59	Табан балық	16,0	143,0	3+	0,030
60	Табан балық	16,2	139,0	3+	0,028

* - ЖЫРТҚЫШ БАЛЫҚТАР

8.13 Қарағанды облысының радиациялық гамма-фоны

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 5 метеорологиялық стансада (Балқаш, Жезқазған, Қарағанды, Керней, Родниковский ауылы) және Қарағанды қаласының (№5 ЛББ), Теміртау қаласының (№2 ЛББ) 2 автоматты бекетінде бақылау жүргізіледі (8.7 сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатына орташа радиациялық гамма-фонның мәні 0,04 – 0,40 мкЗв/сағ. шегінде болды. Облыс бойынша радиациялық гамма- фонның орташа мәні 0,11 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

8.14 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау облыс аумағында 3 метеорологиялық станцияда (Балқаш, Жезқазған, Қарағанды) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (8.7-сур.). Барлық стансада бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 1,2 – 2,5 Бк/м² шегінде болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,7 Бк/м², бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



8.7 сур. Қарағанды облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

9. Қостанай облысының қоршаған ортажай-күйі

9.1 Қостанай қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі


Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 4 стационарлық бекетте жүргізілді (9.1-сур., 9.1-кесте).

9.1- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекеттің нөмірі	Іріктеу мерзімі	Бақылаулардың өткізуі	Бекеттің мекенжайы	Анықталғыш қоспа
1	тәулікте 3 рет	қол күшімен сынама алынатын бекеттер	Қайырбеков көшесі, 379; тұрғын ауданы	қалқыма бөлшектері, (шаң) күкірт диоксиді, көміртек оксиді, азот диоксиді
3			Досжанова көш-сі 43, қала орталығы	

		(дискретті әдістер)		
2	Әр 20 минут	үздіксіз режимде	Бородина көшесі №142 үйдің ауданында	PM-10 қалқыма бөлшектері, көміртек оксиді, диоксид және оксид азоты, күкірт диоксиді гамма сәулелену қуаттылығының эквиваленттік дозасы
4			Маяковского көшесі - Вольнова	



9.1-сурет. Қостанай қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануына жалпы баға. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (9.1- сурет), атмосфералық ауаның ластану деңгейі Қостанай қ. **көтеріңкі** бағаланды, №4 бекет ауданында (*Маяковский-Вольнов көшелері*) күкірт диоксиді бойынша СИ= 3,4 (көтеріңкі деңгей) белгілеуімен және ЕЖҚ=0% (төмен деңгей) мәндерімен анықталды (1,2-сурет).

Ластаушы заттардың орташа айлық шоғырлануы ШЖШ-дан аспады.

PM-2,5 қалқыма бөлшектерінің ең жоғары-бір реттік шоғырлануы 2,0 ШЖШ_{м.б.}, PM-10 қалқыма бөлшектерінің – 1,1 ШЖШ_{м.б.}, азот диоксиді-1,9 ШЖШ_{м.б.}, күкірт оксиді – 3,4 ШЖШ_{м.б.} құрады, қалған ластаушы заттардың концентрациясы ШЖШ-дан аспады.(1-кесте).

Атмосфералық ауаның жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары анықталған жоқ.


9.2 Рудный қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 2 стационарлық бекетте жүргізілді (9.2-сур., 9.2-кесте).

9.2- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекеттің нөмірі	Іріктеу мерзімі	Бақылаулардың өткізуі	Бекеттің мекенжайы	Анықталғыш қоспа
5	Әр 20 минут	үздіксіз режимде	Молодой Гвардии көшесі	PM-10 қалқыма бөлшектері, көміртек оксиді, азот диоксиді және оксиді, күкірт диоксиді, гамма сәулелену қуаттылығының эквиваленттік дозасы
6			Мешіт қасында	



9.2-сурет. Рудный қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (9.2-сурет), атмосфералық ауаның ластану деңгейі Рудный қ. *төмен* бағаланды, №6 бекет (мешіт қасында) ауданында көміртек оксиді бойынша СИ=0,8 (төмен деңгей) белгілеуімен және ЕЖҚ=0% (төмен деңгей) мәндерімен анықталды (1,2-сурет).

Ластаушы заттардың орташа айлық шоғырлануы ШРШ-дан аспады.

Ластаушы заттардың ең жоғары бір реттік концентрациясы ШРШ-дан аспады (1-кесте).

Атмосфералық ауаның жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары анықталмады.


9.3 Қарабалық кенті бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (9.3-сур., 9.3-кесте).

9.3- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекеттің нөмірі	Іріктеу мерзімі	Бақылаулардың өткізуі	Бекеттің мекенжайы	Анықталғыш қоспа
13	Әр 20 минут	үздіксіз режимде	Гагарин көшесі, 40 «А»	PM-2,5қалқыма бөлшектері, PM-10қалқыма бөлшектері, аммиак, азот диоксиді және оксиді, күкірт диоксиді, көміртек оксиді, күкіртті сутек, озон (жербетгі)



9.3 сур. Қарабалық кентінің атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (9.3-сурет), атмосфералық ауаның ластану деңгейі Қарабалық к. **төмен** бағаланады, күкіртті сутегі бойынша – ЕЖҚ = 0% (төмен деңгей) мәнімен, озон бойынша СИ = 1,5 (төмен деңгей) мәнімен анықталды (1, 2 - сурет).

Ластаушы заттардың орташа айлық шоғырлануы ШЖШ-дан аспады.

Ластаушы заттардың ең жоғары бір реттік концентрациясы ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Атмосфералық ауаның жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары анықталмады.

9.4 Лисаковск қаласы бойынша бақылаудың кездейсоқ мәліметі бойынша атмосферлық ауа ластануының жай-күйі

Лисаковск қаласының атмосфералық ауа жай- күйіне бақылаулар 1 нүктеде (*Лисаковск қ. - №1 нүкте*) жүргізілді.

Қалқыма бөлшектері (шаңдар), күкірт диоксиді, көміртек оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, көмірсутектер және озон шоғырлары өлшенді.

Ластаушы заттардың шоғыры рұқсат етілген норма шегінде болды (5.2-кесте).

5.2 кесте

Лисаковск қаласы бақылау мәліметі бойынша ластану заттарының шоғырлануларының ең жоғары деңгейі

Анықталғыш қоспа	Алу нүктесі	
	№ 1	
	қгм мг/м ³	қгм/ШРШ
<i>Қалқыма бөлшектері (шаңдар)</i>	0,34	0,67
Азот диоксиді	0,17	0,85
Күкірт диоксиды	0,34	0,69
Көміртек тотығы	2,60	0,50
Азот тотығы	0,22	0,55
Күкіртті сутегі	0,006	0,75
Озон	0,03	0,18

9.5 Дружба кенті бойынша бақылаудың кездейсоқ мәліметі бойынша атмосферлық ауа ластануының жай-күйі

Дружба кентінің атмосфералық ауа жай – күйіне бақылаулар 1 нүктеде (*Дружба к. - №1 нүкте*) жүргізілді.

Қалқыма бөлшектердің (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, күкіртті сутегі және озон шоғырлары өлшенді.

Ластаушы заттардың шоғыры рұқсат етілген норма шегінде болды (5.2-кесте).

5.2 кесте

Жітіқара қаласы бақылау мәліметі бойынша ластану заттарының шоғырлануларының ең жоғары деңгейі

Анықталғыш қоспа	Алу нүктесі	
	№ 1	
	қгм мг/м ³	қгм/ШРШ
<i>Қалқыма бөлшектері (шаңдар)</i>	0,11	0,22
Азот диоксиді	0,01	0,03

Күкірт диоксиді	0,36	0,71
Көміртек оксиді	0,87	0,20
Азот оксиді	0,03	0,07
Күкіртті сутегі	0,001	0,06
Озон	0,01	0,08

9.6 Жітіқара қаласы бойынша бақылаудың кездейсоқ мәліметі бойынша атмосферлық ауа ластануының жай-күйі

Жітіқара қаласының атмосфералық ауа жай – күйіне бақылаулар 1 нүктеде (*Жітіқарақ. - №1 нүкте*) жүргізілді.

Қалқыма бөлшектердің (шан), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, күкіртті сутегі және озон шоғырлары өлшенді.

Ластаушы заттардың шоғырлануы рұқсат етілген норма шегінде болды (5.2-кесте).

5.2 кесте

Жітіқара қаласы бақылау мәліметі бойынша ластану заттарының шоғырлануларының ең жоғары деңгейі

Анықталғыш қоспа	Алу нүктесі	
	№ 1	
	µm мг/м ³	µm/ШРК
Қалқыма бөлшектері (шаңдар)	0,05	0,100
Азот диоксиді	0,00	0,000
Күкірт диоксиді	0,49	0,980
Көміртек оксиді	0,91	0,200
Азот оксиді	0,06	0,147
Күкіртті сутегі	0,00	0,000
Озон	0,08	0,52

9.7 Заречный кентінің эпизодтық бақылаулар деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі.

Заречный кентіндегі ауаның ластануын бақылау 1 нүктеде жүргізілді (*№1 нүкте – Заречный кенті*).

Қалқыма бөлшектердің (шан), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, күкіртті сутегі және озон шоғырлары өлшенді.

Күкірт диоксидтің ең жоғары - бір реттік шоғыры – 1,76 ШРШм.р, қалған ластаушы заттардың шоғыры рұқсат етілген норма шегінде болды (5.2-кесте).

5.3-кесте

Заречный кентінің бақылау деректері бойынша ластаушы заттардың ең жоғары шоғырлануы

Анықталғыш қоспа	Алу нүктесі	
	№ 1	
	qm мг/м3	qm/ШРШ
Қалқыма бөлшектері (шаңдар)	0,00	0,000
Азот диоксиді	0,00	0,000
Күкірт диоксиді	0,88	1,760
Көміртек оксиді	0,02	0,000
Азот оксиді	0,12	0,290
Күкіртті сутегі	0,00	0,000
Озон	0,01	0,040

9.8 Арқалық қаласының эпизодтық бақылауының деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі.

Арқалық қаласында ауаның ластануын бақылау 1 нүктеде жүргізілді (*№1 нүкте – Арқалық қ.*).

Қалқыма бөлшектердің (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, күкіртті сутегі және озон шоғырлары өлшенді.

Күкіртті сутегі ең жоғары - бір реттік шоғыры - 1,50 ШЖШм.б., қалған ластаушы заттардың шоғыры рұқсат етілген норма шегінде болды (5.2-кесте).

5.2 кесте

Арқалық қаласы бақылауының деректері бойынша ластаушы заттардың ең жоғары шоғырлануы

Анықталғыш қоспа	Алу нүктесі	
	№ 1	
	qm мг/м3	qm/ШРК
Қалқыма бөлшектері (шаңдар)	0,17	0,33
Азот диоксиді	0,02	0,10
Күкірт диоксиді	0,48	0,97
Көміртек оксиді	0,40	0,10
Азот оксиді	0,20	0,50
Күкіртті сутегі	0,012	1,50
Озон	0,01	0,09

9.9 Қостанай облысының аумағында атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамы


Атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамын бақылау Қостанай метеостанциясындағы жаңбыр суының сынамаларын алу болды (9.9-сурет).

Қостанай МС-да шөгінділердегі барлық анықталатын ластаушы заттардың шоғырлануы кадмийден басқа шекті рұқсат етілген шоғырланудан (ШЖШ) аспады.

Жауын-шашын сынамаларында сульфаттар 20,8%, гидрокарбонаттар 31,9 %, хлоридтер 13,2 %, кальций иондары 11,0 %, натрий 9,1% басым болды.

Жалпы минерализация көлемі 36,1 мг/л, электр өткізгіштігі – 58,8 мкСм/см құрады.

Жауын-шашынның қышқылдығы қышқыл орта сипатына ие (6,11).



9.4 сур. Қостанай облысы аумағындағы атмосфералық жауын-шашын мен қар жамылғысын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы

9.10 Қостанай облысы аумағындағы жер үсті суларының сапасы

Қостанай облысының аумағында жер үсті суларының ластануын бақылау 11 су объектілерінде жүргізілді – Тобыл, Әйет, Тоғызак, Үй, Обаған, Желқуар, Қараторғай өзендерде; Аманкелді, Қаратомар, Жоғарғы Тобыл, Шортанды су қоймаларда.

Тобыл өзені Оңтүстік Орал таулары арасында Көкпекті және Бозбие өзендері қосылған жерде бастау алады, Қазақстан Республикасының Қостанай облысы арқылы далалар мен кең алқаптарда ағады. Қазіргі уақытта Тобыл су қоймасы каскадымен реттелген. Желқуар (Жітіқара қ.), Верхнетобол (Лисаков қ.), Қаратомар, Сергеев (Рудный қ.) және Амангелді (Қостанай қ.) су қоймалары құрылды. Одан әрі Ресей Федерациясының Қорған, Түмен облыстары арқылы Тавда, Тура, Исет, Обаған, Үй, Әйет, Тоғызак өзендерінің суын өзіне ала отырып, Тобольск ескі орыс қаласының ауданында Ертіс өзеніне құяды.

Бірыңғай жіктеме бойынша су сапасы келесідей бағаланады:

Тобыл өзені:

-Аққарға п.тұстамасы,селодан ОШ қарай 1 км, су бекеті тұстамасындағы су сапасы нормаланбайды (>5 класс): кальций – 551,0мг/дм³, магний – 687,0мг/дм³,минерализация –9803,4мг/дм³, хлоридтер –4929,0, мг/дм³, қалқыма заттар – 96,5мг/дм³. Кальций, магний, минерализация, хлоридтер, қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- Гришенка с. тұстамасы, селодан 0,2 км төмен, су бекеті тұстамасында су сапасы нормаланбайды (>5 класс): хлоридтер – 456,8 мг/дм³, қалқыма заттар - 41,7мг/дм³. Хлоридтердің, қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық класстан асады.

– Қостанай қ.тұстамасы, Қалалық су арнасы басқармасы 1 км шығарудан жоғары су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 43,4мг/дм³. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

–Қостанай қ. тұстамасы, Қостанай қ. 10 км төмен су сапасы 5 класқа жатады: қалқыма заттар – 36,1мг/дм³. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

- Милютин с. тұстамасы, ауыл шегінде, су бекеті тұстамасында су сапасы нормаланбайды (>5 класс):, қалқыма заттар-48,6мг/дм³. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Тобыл өзенінің ұзындығы бойынша су температурасы 16,4-27,0 °С, сутегі көрсеткіші 6,72-7,70, суда ерітілген оттегінің концентрациясы –5,93-11,40мг/дм³, БПК₅ –0,31-3,48мг/дм³, түсі – 15-40 градус, мөлдірлігі – 19-21 см, иісі –0-1 балл.

Тобыл өзенінің ұзындығы бойынша судың сапасы нормаланбайды (>5 класс): магний – 108,0мг/дм³, қалқыма заттар – 46,6мг/дм³, хлоридтер – 643,6мг/дм³.Магний, хлоридтер, қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Әйет өзені

Айет өзенінде температурасы 16,2-24,4°С деңгейінде, сутегі көрсеткіші 7,10-7,85, суда еріген оттегінің шоғырлануы –6,49-8,52 мг/дм³, БПК₅ – 2,81-3,45 мг/дм³, түсі – 24 градус, мөлдірлігі – 21 см, иісі – 0 балл.

–Варваринка с. тұстамасы, су бекеті тұстамасындағы селодан 0,2 км жоғары су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 33,5 мг/дм³. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Обаған өзені

Обаған өзенінде температурасы 26,7°С деңгейінде, сутегі көрсеткіші 7,43, суда еріген оттегінің шоғырлануы – 9,58 мг/дм³, БПК₅ – 2,31 мг/дм³, түсі – 32 градус, мөлдірлігі –18 см, иісі – 1 балл.

- Ақсуат к. тұстамасы, су бекеті тұстамасындағы селодан Ш қарай 4 км су сапасы нормаланбайды (>5 класса): хлоридтер – 1054,0мг/дм³, минерализация – 3360,0 мг/дм³, қалқыма заттар –96,5мг/дм³. Хлоридтер, минерализация, қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Тогызак өзен

Тоғызак өзенінде су температурасы 14,6-29,0°C деңгейінде, сутегі көрсеткіші 7,40-7,73, суда еріген оттегінің шоғырлануы – 5,78-11,40 мг/дм³, БПК₅ – 2,89-4,08 мг/дм³, түсі – 20-38 градус, мөлдірлігі -21-24 см, иісі – 0 балл.

- Тоғызак ст. тұстамасы, Тоғызак ст.СБ қарай 1,5 км, су бекеті тұстамасында су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар –42,2 мг/дм³. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

-Михайловка к. тұстамасы, селодан СБ қарай 1,1 км су бекеті тұстамасында су сапасы 4 класқа жатады: магний – 66,9мг/дм³, темір (2+) - 0,032мг/дм³.

Тоғызак өзені ұзындығы бойынша су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар- 44,1мг/дм³.

Үй өзені

Үй өзендегі судың температурасы 15,6-28,0°C, сутегі көрсеткіші – 7,50-8,05,суда еріген оттегінің концентрациясы –7,07-8,65 мг/дм³, БПК₅ – 2,94-4,35 мг/дм³, түсі – 24 градус, мөлдірлігі-20 см, иісі – 0 балл.

– Үйское с.тұстамасы, Үйское с.Ш қарай 0,5 км, су бекеті тұстамасында су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар - 49,7мг/дм³. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Желкуар өзенде судың температурасы 22,8°C деңгейде, сутегі көрсеткіші – 7,71, суда еріген оттегінің концентрациясы – 6,61мг/дм³, БПК₅ – 3,23 мг/дм³, түсі – 56 градус, мөлдірлігі – 20 см, иісі– 0 балл.

- Чайковское к. тұстамасы, селодан ОШ қарай 0,5 км су бекеті тұстамасында су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 52,0 мг/дм³. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Аманкелді су қоймасы

Аманкелді су қоймасында судың температурасы 23,2°C деңгейде, сутегі көрсеткіші – 7,05, суда еріген оттегінің концентрациясы – 12,54 мг/дм³, БПК₅ – 2,52 мг/дм³, түсі – 42 градус, мөлдірлігі - 19 см, иісі – 0 балл.

- Қостанай қ. тұстамасы, Қостанай қ. ОБ қарай 8 км. су бекеті тұстамасында су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 88,0мг/дм³. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Қаратомар су қоймасы

Қаратомар су қоймасында судың температурасы 25,5°C деңгейде, сутегі көрсеткіші – 7,70, суда еріген оттегінің концентрациясы – 10,25 мг/дм³, БПК₅ – 2,85 мг/дм³, түсі – 24 градус, мөлдірлігі - 17 см; иісі – 0 балл.

- Береговое с. тұстамасы, су қоймасының гидрокұрылысынан ОБ қарай 3,6 км. Судың сапасы нормаланбайды (>5 класс):қалқыма заттар – 65,2мг/дм³. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Жоғарғы Тобыл су қоймасы

Жоғарғы Тобыл су қоймасында судың температурасы 23,0°C деңгейде, сутегі көрсеткіші – 7,74, суда еріген оттегінің концентрациясы – 8,43 мг/дм³, БПК₅ – 1,67 мг/дм³, түсі – 4 градус, мөлдірлігі – 17 см, иісі – 0 балл.

- Лисаков қ. тұстамасы, Лисаков қаласынан Б қарай 5 км судың сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 101,4 мг/дм³. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Шортанды су қоймасында судың температурасы 23,3°С деңгейде, сутегі көрсеткіші – 7,15, суда еріген оттегінің концентрациясы – 8,89 мг/дм³, БПК₅ – 3,24 мг/дм³, түсі – 12 градус; мөлдірлігі – 18 см, иісі – 0 балл.

- Жітіқара қ. тұстамасы, көпір ауданында судың сапасы нормаланбайды (>5 класс): хлоридтер – 486,6 мг/дм³.

Торғай өзені судың температурасы 19,1°С, сутегі көрсеткіші – 7,38, суда еріген оттегінің концентрациясы – 7,75 мг/дм³, БПК₅ – 5,36 мг/дм³, түсі – 48 градус, мөлдірлігі - 19 см; иісі – 0 балл.

- Торғай к. тұстамасы, село шегінде судың сапасы 3 класқа жатады: тұзды аммоний – 0,99 мг/дм³, магний – 27,4 мг/дм³, БПК₅ – 5,36 мг/дм³.

Бірыңғай жіктеме бойынша Қостанай облысы аумағындағы су объектілерінің су сапасы 2020 жылдың 3 тоқсанында былайша бағаланады: 3 – класс – Торғай өзені; нормаланбайды (>5-сынып): Тобыл, Әйет, Тоғызак, Желқуар, Обаған, Үй өзендері, Аманкелді, Қаратомар, Жоғарғы Тобыл, Шортанды су қоймалары (4 кесте).

2019 жылдың 3 тоқсанымен салыстырғанда Тоғызак, Әйет өзендерінде, Аманкелді, Жоғарғы Тобыл су қоймаларында -* нашарланды; Торғай өзеніндегі судың сапасы жақсарды; Тобыл, Үй, Обаған, Желқуар өзендерінде және Шортанды, Қаратомар су қоймаларында су сапасы айтарлықтай өзгермеген.

9.11 2020 жылдың көктем мезгіліндегі Қостанай облысы бойынша топырақтың ауыр металдармен ластану жай-күйі

Қостанай қаласында әртүрлі аудандардан алынған топырақ сынамасында 5,16-53,20 мг/кг қорғасын, 0,23-5,3 мг/кг - мыс, 0,20-1,10 мг/кг – хром, 12,4-20,0 мг/кг – мырыш, 0,24-0,41 мг/кг – кадмий құрамында болды.

Кондитерлік фабриканың аумағында қорғасынның құрамы 1,7 ШРК, мыстың - 1,8 ШРК шоғырлануы болды.

Кондитерлік фабриканың аумағында қорғасынның құрамы 1,7 ШРК, мыстың - 1,8 ШРК шоғырлануы болды.

Жеңіс саябағы аумағында мыстың - 1,7 ШРК шоғырлануы болды.

Қостанай темір-бетон зауыты, Комвольно-суконный комбинаты аумағында, «Жеңіс» паркі және №31 мектеп ауданында барлық қоспалардың анықталуы шекті рұқсат етілген көлемде болды.

Варварника кентінде қайық өткел ауданында, мектеп, кентке кіре берісте, насос стансасы аумағында және «Варваринка» АҚ үйіндісі ауданында топырақ сынамасында қорғасын, мыс, хром, мырыш, кадмийдің шоғырлануы 0,17-24,0 мг/кг шегінде болып және шекті рұқсат етілген көлем нормасынан асқан жоқ.

Жітіқара қаласында Павлов көшесі (№2 ОМ), Жеңіс паркі, орталық саябақ және Партизан көшесі ауданында қорғасын, мыс, хром, мырыш, кадмийдің шоғырлануы 0,17-37,40 мг/кг шегінде болды.

Жамбыл атындағы мәдениет және демалу паркі аумағында қорғасынның шоғырлануы 1,26 ШРК құрады.

Арқалық қаласында әртүрлі аудандардан алынған топырақ сынамасында 20,0-44,7 мг/кг қорғасын, 0,87-4,20 - мыс, 1,39-2,10 мг/кг – хром, 10,30-27,20 мг/кг – мырыш, 0,40-1,00 – кадмий құрамында болды.

Арқалық аудандық ауруханасы Бейбітшілік көшесінде ауданында ауыр металдардың құрамы шекті рұқсат етілген көлем нормасынан асқан жоқ.

Ш. Уалиханов атындағы № 1 орта мектеп аумағында қорғасынның шоғырлануы 1,3 ШРК құрады.

«Алюминийстрой» АҚ өнеркәсіп аймағы (500 метр қашықтықта) ауданында кадмийдің шоғырлануы 2,0 ШРК, 1,1 мг/кг қорғасын, 1,1 мг/кг – мырыш құрады. Басқа ауыр металдардың құрамы шекті рұқсат етілген көлем нормасынан асқан жоқ.

Горбачев/8 март көшесі қиылысы ауданында мыстың шоғырлануы 1,1 ШРК, кадмийдің деңгейі – 1,1 ШРК құрады.

Есіл қаласына бұрылған жол ауданында қорғасынның шоғырлануы 1,4 ШРК, мыстың – 1,4 ШРК, мырыштың – 1,2 ШРК байқалды.

Лисаков қаласында №1 ОМ, Строительная (теміржол вокзалы ауданынан – 10 метр) көшесінде алынған сынамада компоненттердің шоғырлануы белгіленген нормада болды.

Жеңіс саябағы аумағында мырыштың құрамы 1,1 ШРК болды.

Болничная көшесінде (ластану көзі – «ДЭП» сүт заводы – 200 м) – қорғасынның шоғырлануы – 1,1 ШРК, 2,4 ШРК - мыс, 1,3 ШРК - мырыш құрамында болды.

Тобольская көшесінде («Мирас» медициналық орталығы ауданында – 10 м) – мыстың шоғырлануы – 2,1 ШРК болды.

Рудный қаласында әртүрлі аудандардан алынған топырақ сынамасында 13,5-33,2 мг/кг қорғасын, 0,96-4,7 мг/кг - мыс, 1,2-2,2 мг/кг – хром, 4,40-23,7 мг/кг – мырыш, 0,33-0,62 мг/кг – кадмий құрамында болды.

Топорковка/40 лет Октября көшелері қиылысы («KEGOS» АҚ нан зауыты-1км) ауданында кадмийдің шоғырлануы 1,2 ШРК, Топорковка/Лизы Чайкиной көшелері қиылысында кадмийдің шоғырлануы 1,2 ШРК, 1,6 ШРК – мыс болды. Басқа қоспалар шекті рұқсат етілген көлем нормасынан асқан жоқ.

Маяковский, Ұзынкөл, Федоров, Әуликөл агрометеорологиялық бекеттерінде басқа қоспалар шекті рұқсат етілген көлем нормасынан асқан жоқ.

9.12 Қостанай облысының радиациялық гамма-фоны

